ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

26 ҚАРАША, 2026 ЖЫЛ, БЕЙСЕНБІ
№131 (23 745)

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Әріптестіктің көкжиегі кең

2-бет

Шалғайдағы шипаның шарапаты

4-бет

Сахна тіліндегі сабақ

8-бет

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Абырой төріндегі адал еңбек

Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанат адал еңбектің абырой төріне шығаратынын тағы бір айғақтады. Төрт түлік өргізіп, дән сіңірген қауымға арналған кеште агроөнеркәсіп кешенінің дамуына үлес қосқан ардагерлер мен еңбеккерлерге мемлекеттік наградалар, Ауыл шаруашылығы министрлігінің марапаттары және облыс әкімінің Алғыс хаттары табысталды.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өз сөзінде Қарағанды өңірі өнеркәсіптік аймақ ретінде танылғанымен, ауыл шаруашылығының да аймақ экономикасындағы орны ерекше екенін атап өтті.

– Облыс Қазақстанда картоп пен жұмыртқа өндіруден екінші, астық жинаудан төртінші орында. Бұл көрсеткіштерде фермерлердің, механизаторлардың, агрономдардың, мал өсірушілер мен басқа да мамандардың көп жылғы еңбегі бар. Биыл құрғақшылық дықандар үшін оңай болған жоқ. Соған қарамастан, фермерлер жиыс терінді ойдағыдай аяқтап, өңірді қажетті өніммен қамтамасыз етті. Біз үшін өндірілген өнім көлемін арттыру ғана емес, ауыл шаруашылығының заманауи, технологиялық тұрғыдан дамыған әрі табысты салаға айналуы маңызды. Ортақ міндетіміз – ауылдағы адамдардың тұрақты табыс тауып, туған жерінде еңбек етуіне мүмкіндік жасау, – деді аймақ басшысы.

Биыл дәнді дақылдарды жинау көрсеткіші 904 мың гектардан асып, 740 мың тонна астық жиналған. Жыл басынан бері өңірде 79,4 мың тонна ет, 193 мың тонна сүт өндірілген. Агроөнеркәсіп кешенінде жалпы құны 52 миллиард теңгені құрайтын 40 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Биыл ауыл шаруашылығы саласын қолдауға шамамен 24 миллиард теңге бағытталған. Мемлекеттік қолдауды 1800-ге жуық ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші алған екен.

Салтанатты рәсімде бес азамат мемлекеттік наградаларға ие болды. Атап айтқанда, Ақтоғай ауданының зейнеткері Батырбек Оспанов пен Қарқаралы ауданындағы «Желтау» шаруа қожалығының басшысы Қайрат Мұстафин «Еңбек Даңқы» III дәрежелі орденімен марапатталды. Шет ауданындағы «Тау» шаруа қожалығының басшысы Қанат Түсіпбеков «Құрмет» орденін иеленді. Ал Осакаров ауданындағы «Найдоровское» ЖШС комбайншысы Владимир Чаус пен Абай ауданындағы «Юбилейный» фермерлік шаруашылығының жетекшісі Максим Бакин «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының өңірлік өкілі, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Марат Базарбайұлы, Ақтоғай ауданындағы Сарытерек ауылдық округі жергілікті қоғамдастығының төрағасы Қойшыбек Рысбеков және Осакаров ауданындағы «Жатва» шаруа қожалығының басшысы Виталий Ямковой марапатталды.

«Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен Қарағанды облысы бойынша Жерді зерттеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі мемлекеттік институт филиалының директоры Саяш Ахметов, Осакаров ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Жанатбек Актуреев және осы бөлімнің өкілі Қабылда Әбілдинов марапатталды.

➤ **2-бет**

● ӘЛЕУМЕТ

Шекті мөлшер ұлғаяды

Келер жылдан бастап бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемнің шекті мөлшері ұлғаяды. Төлем ананың бала туғанға дейінгі соңғы екі жылдағы орташа айлық табысының 40 пайызы негізінде есептеледі. Бұл ретте есепке алынатын айлық табыстың ең жоғары шегі биыл 595 мың теңге болса, келер жылы 770 мың теңгеге жетеді.

Сәйкесінше, ай сайынғы әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері 238 мың теңгеден 308 мың теңгеге дейін өседі. Аталған сомадан 10 пайыз міндетті зейнетақы жарнасы ұсталады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының мәліметінше, әлеуметтік төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы аналарға бала дүниеге келген күннен бастап, бір жарым жасқа толғанға дейін ай сайын төленеді. Егіз немесе одан да көп бала дүниеге келген жағдайда төлем әр балаға жеке тағайындалады.

Сонымен қатар, 1 қаңтардан бастап анасы баласы бір жарым жасқа толмай тұрып жұмысқа шыққан жағдайда да әлеуметтік төлем алу құқығын сақтайды. Төлем отбасының материалдық жағдайына қарамастан, әлеуметтік аударымдары төленген аналарға тағайындалады.

Биылғы жылдың он айында бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемді 504 мың адам алған. Оларға жалпы сомасы 287 млрд теңге төленген. Өтініш берушілердің 95 пайызға жуығы төлемді электрондық қызметтер арқылы рәсімдегенін де айта кету керек.

Өз тілшімізден

Тәуелсіздікпен түлеген

Тәуелсіздіктің таңы атып, ел экономикасы жаңа арнаға бет бұрған тұста өндірісті өңірлердің алдында уақыт талабына сай түлеу міндеті тұрды. Сол тарихи белестен сүрінбей өтіп, екінші тынысы ашылған қалалардың бірі – Саран. Кешегі көмір мен резеңке өндірісінің ордасы бүгінде тамырына қан жүгірген, сан салалы өнеркәсібі қатар өркендеген іргелі орталыққа айналды. Егемендіктің 35 жылдық белесінде моноқала мәртебесінен арылып, инвестиция тартудың тың үлгісін көрсеткен шаһардың келбеті де, тыныс-тіршілігі де түбегейлі жаңарды.



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өндіріс өрісі кеңейді

Сараның бүгінгі экономикалық келбеті бір күнде қалыптасқан жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өндірістік байланыстардың өзгеруі мен нарықтық қатынастарға көшу қала кәсіпорындарына да әсер етті. Алайда, уақыт өте келе жаңа инвестициялық жобалар қолға алынып, бұрынғы өндірістік алаңдар қайта игеріле бастады. Қаланың экономикалық құрылымын жаңартуға 2021 жылы құрылған «Саран» индустриялық аймағы мен Солтүстік өнеркәсіптік аймақтың дамуы ерекше серпін берді.

Бұл аумақтар отандық және шетелдік инвесторлардың жаңа кәсіпорындар ашуына мүмкіндік туғызды.

➤ **3-бет**

БАСПАСӨЗ-2027

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 15 500 теңге	6 ай	16 109,75	11 162,53
		12 ай	32 219,50	22 325,06
Жеке жазылулар үшін	12 айға 7000 теңге	6 ай	7 529,07	6 912,53
		12 ай	15 058,14	13 825,06

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Баламалы жазылым 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	11 500	27 219,50	16 825,05
Жеке жазылулар үшін	5800	12 858,13	11 725,05

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR арқылы жазылуға болады

«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT **501.45** ●USD/KZT **458.28** ●RUB/KZT **5.59** ●CNY/KZT **68.77**

Қазақстан Ұлттық Банкінің 25 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

Абырой төріндегі адал еңбек



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал, Ауыл шаруашылығы министрінің Құрмет грамотасын Абай ауданындағы «АПК Волынский» ЖШС директоры Ривзан Тушиев, Нұра ауданындағы «Шестернин» фермерлік шаруашылығының басшысы Василий Шестернин, Осакаров ауданындағы «Ерзат» шаруа қожалығының жетекшісі Азамат Шрайманов және Қарқаралы ауданындағы «Заман» шаруа қожалығының басшысы Рымбек Бакенов алды. Бұқар жырау ауданындағы «Заря» шаруа қожалығының сауыншысы Екатерина Фролкина да «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Жиында ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібіндегі үздік мамандар мен кәсіпорындар да марапатталды. Барлығы он аталым бойынша жеңімпаздар анықталды. Атап айтқанда, «Агроөнеркәсіп кешеніндегі цифрландыру көшбасшысы» аталымында «Найдоровское» серіктестігі үздік деп танылса, «Үздік мелиоратор» атағы «Евразия Инвест ЛТД» компаниясының ирригация жөніндегі инженері Евгений Масловқа берілді. «Үздік механизатор» аталымында «Жараспай» серіктестігінің қызметкері Темірхан Омаров жеңімпаз атанды. «Нан өндірісінің үздік технологы» аталымы бойынша «Орион» компаниясының технологы Наталья Ляховская марапатталды. Бие мен түйе сүтін өңдеуге маманданған SaumalBioTech және SAUBOTA компаниялары экспорттаушы кәсіпорындар қатарында ерекшеленді. «Мал шаруашылығындағы үздік кәсіпорын» деп Шет ауданындағы «Шолақ Еспе» шаруа қожалығы танылса, ет өңдеу бағытында QAZAQ MEAT компаниясы жеңіске жетті. Құс етін өндіру саласындағы «үздік



маман» атағы «Ақнар ПФ» серіктестігінің бройлер өндіру цехының қызметкері Илья Георгиевскийге бұйырды. Ал, сүт өндірісінің үздік технологы ретінде «Milk&Meat Company» серіктестігінің өкілі Алексей Медеубаев марапатталды.

Ұлттық сусын өндірушілер арасында Қарқаралы ауданындағы «Мұхаммедәли» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Бекзада Батырбекова үздік деп танылды. Ол ұзақ уақыт сақтауға жарамды қымыз өндіру ісін дамытып келеді. Биыл кәсіпкердің өнімі BaiQymyz гастрономиялық фестивалінде Гран-при иеленіп, Астанада өткен байқауда «Дәстүрді дәріптеушілер» аталымы бойынша да жоғары бағаланған.

Мерекелік жиында «Еңбек ардагері» марапатына ие болған ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Марат Базарбайұлы да өз пікірін білдірді. Ол ауыл шаруашылығы саласында 60 жылға жуық еңбек етіп келеді. 1967 жылы Қарқаралы қаласындағы зоотехник-мал дәрігері техникумын тәмамдаған маман еңбек жолын ветеринарлық санитар қызметінен бастап, бүгінде ғылым докторы, профессор дәрежесіне жеткен.

– Мен осы саладан ешқайда кеткен жоқпын. Саланың институтында да жұмыс істедім, ғылыми атақтар қорғадым. Ауыл шаруашылығы – ең қиын салалардың бірі. Мұнда қарлы жаңбыр, аптап ыстық, боран демей, күні-түні еңбек етуге тура келеді. Осындай қиындықтарға төзіп жүрген мамандардың еңбегі зор. Мемлекет басшысының аграрлық салаға қатысты тапсырмаларын орындауға атсалысып жүрген барша маманды кәсіби мерекемен құттықтаймын. Еңбектері жемісті, табыстары толағай болсын! – деді ол.

Шет ауданындағы «Тау» шаруа қожалығының басшысы Қанат Түсіпбеков «Құрмет» орденімен марапатталды. Оның шаруашылығы 2010 жылдан бері жылқы және қой өсірумен айналысады. Соңғы бес жылда ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін де қолға алған.

– Соңғы бес жылда өндіріс тиімділігін екі есеге жуық арттырып, ауыл шаруашылығы техникасының паркін толық жаңарттық. Агроөнеркәсіп кешеніне көрсетіліп жатқан қолдау үшін мемлекетке алғыс айтамын. Еңбегіміздің еленгені де бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Бүгінде азық-түлік қауіпсіздігі – кез келген мемлекеттің тәуелсіздігін айқындайтын маңызды негіздердің бірі, – деді Қанат Түсіпбеков.

Мерекелік жиын сала еңбеккерлерінің еселі еңбегін бағалап, олардың өңірдің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қосқан үлесін атап өтумен түйінделді.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Әріптестіктің көкжиегі кең

Өнеркәсіптік әлеуеті жоғары Қарағанды облысы халықаралық экономикалық байланыстарды нығайтып, шетелдік инвесторлармен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі. Болгариямен сауда-экономикалық байланысты жандандыруға, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік мол.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Болгария Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Георги Воденскимен кездесіп, екіжақты ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады. Өңір басшысы Қарағанды облысының Болгариямен достық әрі әріптестік қарым-қатынасты нығайтуға, экономикалық, мәдени-гуманитарлық және іскерлік байланыстарды дамытуға мүдделі екенін атап өтті.

– Қарағанды облысы мен Болгария арасындағы экономикалық, өнеркәсіптік, энергетикалық, білім беру, мәдениет және туризм салаларындағы ынтымақтастық әлеуеті зор деп білеміз. Нақты ұсыныстарды қарастыруға, кәсіпорындар мен ұйымдар арасында тікелей байланыс орнатуға жәрдемдесуге, бірлескен инвестициялық және іскерлік жобаларды қолдауға дайынбыз. Кездесу серіктестік қарым-қатынасымызды одан әрі дамытуға берік негіз болады деп сенемін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесу барысында облыс әкімі өңірдің экономикалық әлеуетін таныстырып, инвестиция тарту мүмкіндіктері мен кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары туралы баяндады.

Қарағанды облысының өнеркәсіптік әлеуеті жоғары. Өңірде тау-кен өндіру саласының, қара және түсті металлургияның, машина жасаудың, тамақ және жеңіл өнеркәсіптің, құрылыс индустриясы мен энергетиканың ірі кәсіпорындары жұмыс істейді. Сонымен қатар, инвесторлар үшін салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының мүмкіндіктері таныстырылды.

Қазіргі уақытта облыста болгариялық инвесторлардың қатысуымен бір кәсіпорын жұмыс істейді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы байланысты кеңейтіп, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыруға жол ашылмақ. Болгария елшісі өз кезегінде Қарағанды облысымен тамақ өнеркәсібі, білім беру, туризм және инновациялық технологиялар салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың әлеуетіне тоқталды.

– Болгария азық-түлік өнімдерін өңдеу саласында заманауи технологиялар мен тәжірибесін ұсына алады. Білім беру бағытындағы ынтымақтастықты дамытуға, студенттер алмасуын және бірлескен инновациялық жобаларды қолдауға дайын. Туризм саласында да әлеуетіміз зор. Бұл – теңіз және тау туризмінен бастап, мәдени-танымдық және медициналық туризмге дейінгі сан алуан бағыт. Байланыстарымыздың одан әрі нығаюы өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады деп үміттенемін, – деді Георги Воденски.

Кездесу қорытындысында тараптар іскерлік байланыстарды одан әрі дамытуға және өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын іздестіруге мүдделі екенін білдірді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Әлеует те, әрекет те бар

Қарқаралы ауданында жол инфрақұрылымын жаңғырту, туризмді дамыту және ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар қарқын алды. Биыл «Қарқаралы-Егіндібұлақ» бағытындағы 90 шақырым жолдың 60 шақырымы жаңартылып, ауданның өзге де бағыттарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Туристік инфрақұрылымды дамытуға да басымдық берілген. Атап айтқанда, «Бұғылы» демалыс аймағының инженерлік желілері тартылып, абаттандыру жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мен тау-кен өндірісінде жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму барысы мен алдағы міндеттер облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың Қарқаралы ауданы тұрғындарымен кездесуінде кеңінен талқыланды.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралының табиғи байлығы мен тарихи-мәдени мұрасы өңірдің туристік әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік береді. Дегенмен, көрікті мекендердің танымалдылығы ғана туристік саланың табысты дамуына жеткіліксіз. Ол үшін сапалы жол, қолайлы инфрақұрылым, заманауи қызмет көрсету жүйесі және кәсіпкерлік бастамаларды қолдау қажет. Өңір басшысы аудан тұрғындарымен кездесу барысында осы мәселелерге ерекше тоқталды.

Бүгінде ауданның көлік қатынасын жақсартуға бағытталған бірнеше жоба жүзеге асырылуда. «Қарқаралы-Қасым Аманжолов» тасжолында екі жоба қолға алынған. Оның аясында 41 шақырым жолды орташа жөндеу, ал, 3,2 шақырымын күрделі жөндеуден өткізу көзделген. Сонымен қатар, «Қарқаралы-Егіндібұлақ» бағытындағы 90 шақырым жолдың 60 шақырымы жаңартылды. «Тегісшілдік-Көктас» жолының 20 шақырымының 7 шақырымында жөндеу жұмыстары аяқталды.

Қарқаралының туристік мүмкіндіктерін кеңінен танытуға бағытталған шаралар да нәтижесін бере бастады. Соның бірі – биыл жазда алғаш рет ұйымдастырылған «Байқымыз» гастрономиялық фестивалі. Ауқымды мәдени шараға 20 мыңнан астам адам жиналды. Ұлттық тағамдар мен дәстүрді дәріптеген фестиваль ауданның туристік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік берді. Енді оны жыл сайын өткізу туралы шешім қабылданды.

Туристік инфрақұрылымды жетілдіру бағытындағы маңызды жобалардың бірі – «Бұғылы» демалыс аймағын дамыту. Қазіргі уақытта мұнда су құбыры мен кәріз желілері тартылып, электр желілері жүргізілуде, трансформаторлық жабдықтар орнатылуда. Инженерлік инфрақұрылым құрылысының негізгі бөлігі аяқталған. Сонымен қатар, демалыс аймағының аумағын абаттандыру жұмыстары жалғасуда.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев осы мәселеге айрықша назар аударып, туристік саланы дамытуға жергілікті тұрғындарды кеңінен тартудың маңызын атап өтті.

– Туризмді дамыту тек мемлекет пен инвесторларға ғана емес, тұрғындардың өзіне де байланысты. Бұл бағытта міндетті түрде ірі кәсіп ашудың қажеті жоқ. Кейде шағын отбасылық бастаманың өзі жеткілікті. Біз туризм Қарқаралы ауданының қарапайым отбасыларына табыс әкеліп, жастарға туған жерінде жұмыс істеп, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға жол ашқанын қалаймыз. Біздің міндетіміз – кәсіпкерлікке қолайлы жағдай жасау, инфрақұрылымды дамыту және болашағы бар жобаларға қолдау көрсету, – деді облыс әкімі.

Ауданда тұрғындардың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары да жалғасуда. Атап айтқанда, «Жарлы-Қарқаралы» су құбыры пайдалануға берілді. Айрық, Айнабұлақ және Татан ауылдарында жаңа су желілері тартылды. Ал, Қарқаралы қаласында кәріз-тазарту құрылыстарының құрылысы аяқталуға жақын.

Әлеуметтік және коммуналдық нысандарды жаңғырту жұмыстары ауданның өзге де елдімекендерін қамтыған. Мәселен, Қарағайлы кентінде мектеп жөнделіп, Мәдениет үйінің жылыту жүйесі жаңартылды. Сондай-ақ, бес көшені жөндеу жұмыстары басталды. Жыл соңына дейін кенттегі су құбырының құрылысын аяқтап, тазарту құрылыстарын пайдалануға беру жоспарланған.

Ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруда медициналық көмектің қолжетімділігі де маңызды. Осы бағытта ауданда тоғыз медициналық нысан ашылып, ауруханаға бес жедел жәрдем көлігі берілген.

Сонымен қатар, ауыл тұрғындары үшін телемедицина қызметі енгізілді. Енді шалғайдағы елдімекендердің тұрғындары аудан немесе облыс орталығына арнайы бармай-ақ, онлайн форматта дәрігерлердің кеңесін ала алады. Бұл мүмкіндік тек терапевтердің ғана емес, бейінді мамандардың да көмегіне жүгінуге жол ашады. Әсіресе, медициналық мекемелерден шалғай орналасқан ауылдар үшін мұндай қызметтің маңызы зор.

Кездесуде ауданның экономикалық әлеуетін арттыру және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері де кеңінен қаралды. Қарқаралы ауданының әкімі Саят Мусин алдағы кезеңге арналған инвестициялық жоспарлар туралы баяндады. Оның айтуынша, биыл ауыл шаруашылығы саласында екі инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделген. Нәтижесінде 25 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Ал, келесі жылға тағы алты жоба жоспарланған. Олар жүзеге асқан жағдайда 52 адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

Инвестициялық бастамалардың қатарында сүт фермасын, тері өңдеу цехын салу және ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту жобалары бар. Бұдан бөлек, тау-кен өндірісі саласында екі жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Өңір басшысының тұрғындармен кездесуінде атқарылған жұмыстармен қатар, шешімін күткен мәселелер де қозғалды. Қарқаралылықтар жол сапасы, электрмен жабдықтау және әлеуметтік нысандар салу жөніндегі ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен бірге, тұрғындар электрмен жабдықтау сапасын жақсарту, дене шынықтыру-сауықтыру кешенін және басқа да спорттық әрі әлеуметтік нысандарды салу қажеттігін көтерді.

Кездесуді қорытындылаған Ермағанбет Бөлекпаев көтерілген мәселелердің барлығын жан-жақты зерделеп, оларды шешуге бағытталған нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды. Жауапты мемлекеттік органдарға тұрғындардың ұсыныстарын назарға алып, тиісті жұмыстарды ұйымдастыру міндеті жүктелді.

Бұдан кейін облыс әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, олардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Өңірдің өркендеуі – ортақ жауапкершілік

ӘДІЛЕТ

16-20 қараша аралығында «Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалынан мәслихат депутаттығына кандидаттар өңірдің қалалары мен аудандарын аралап, еңбек ұжымдарымен, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлерімен, кәсіпкерлермен, жастармен, зейнеткерлермен және ауыл тұрғындарымен бірқатар кездесу өткізді. Бес күнге созылған сайлауалды науқан аясындағы басқосулар Қарағанды қаласынан бөлек, облыстың бірнеше ауданын және Теміртау, Саран, Шахтинск, Балқаш қалаларын қамтыды.



Кездесулердің басты мақсаты – партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырумен қатар, тұрғындармен тікелей пікір алмасу, әр салада еңбек етіп жүрген азаматтардың ұсыныстарын тыңдау және өңірдің дамуына қатысты өзекті мәселелерді талқылау. Кандидаттар өндіріс орындары мен әлеуметтік мекемелерге барып, түрлі сала өкілдерімен жүздесу арқылы партия ұстанымдарын кеңінен түсіндірді.

Сайлауалды кездесулердің алғашқы күнінде кандидаттар өндіріс, коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларының өкілдерімен жүздесті. Осакаров ауданының Осакаровка кентінде Қ.Сәтбаев атындағы өнеркәсіптік аудандар мен ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау каналының еңбек ұжымымен кездесу өтті.

Сол күні Қарағанды қаласында «Сантехпром» ЖШС қызметкерлерімен және №3 көпбейінді ауруханаының ұжымымен де кездесулер ұйымдастырылды. Ал, Нұра ауданында спорт саласының өкілдерімен басқосу өтіп, ауданның қоғамдық өміріндегі спорттың орны мен бұқаралық спортты дамыту мәселелері назарға алынды. Қарағандыдағы Музыкалық комедия театрының ұжымы және Ә. Молдағұлова атындағы мектеп-интернат қызметкерлерімен өткен кездесулерде мәдениет пен білім беру саласының қоғамдағы рөліне басымдық берілді.

Теміртау қаласында Қазақстанның Іскер әйелдер қауымдастығы өкілдерімен және «REN-Milk» ЖШС еңбек ұжымымен кездесу ұйымдастырылды.

– Қарағанды облысы – өндірісі дамыған, еңбек дәстүрі қалыптасқан өңір. Оның өркендеуінде кәсіпорындар мен мекемелерде күн сайын еңбек етіп жүрген азаматтардың үлесі зор. Сондықтан біз үшін жұмысшылармен, мамандармен және түрлі сала өкілдерімен тікелей кездесудің маңызы ерекше, – деді кандидат Бекзат Алтынбеков.

Кездесулердің маңызды бөлігі білім беру және денсаулық сақтау салаларына арналды. Қарағанды қаласындағы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ұжымымен өткен басқосуда білім мен ғылымның өңірдің және тұтас елдің дамуына қосатын үлесі сөз болды.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің ұжымымен де кездесу өткізіліп, білім беру саласының өзекті бағыттары талқыланды. Сонымен қатар мансап орталығының қызметкерлері, қызмет алушылар мен жұмыссыз азаматтармен жүздесу ұйымдастырылды.

Денсаулық сақтау саласының өкілдерімен кездесулер де кең ауқымда өтті. Қарағанды қаласындағы №3 көпбейінді аурухана мен №4 емхана қызметкерлерінен бөлек, Шет аудандық ауруханасының, Шахтинск қалалық ауруханасының және Новодолинка кентіндегі отбасылық денсаулық орталығының ұжымдары кандидаттармен жүздесті. Саран қаласында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлерімен кездесу өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесі өкілдерімен жүздесу барысында балалардың дамуына қолайлы орта қалыптастыру, тәрбиешілер еңбегінің маңызы және білім беру саласының қоғамдағы жауапкершілігіне мән берілді.

– Әлеуметтік сала – қоғам өмірінің ең маңызды бағыттарының бірі. Білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мәселелері әрбір отбасының тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан осы салаларда еңбек ететін мамандармен және қызмет алушылармен кездесіп, олардың пікірін тыңдау біз үшін маңызды, – деді кандидат Жұлдыз Сағымбаева.

Бұдан бөлек, Қарағанды қаласындағы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Қазақтелеком» қызметкерлерімен кездесулер өтті.

Сайлауалды науқан барысында ауылдық елдімекендердің тұрғындарымен кездесуге де ерекше көңіл бөлінді. Кандидаттар Қарағанды облысының бірнеше ауданын аралап, жергілікті жұртшылықпен жүздесті. Қарқаралы ауданындағы Қарағайлы кентінде «Қазақмыс» корпорациясының еңбек ұжымымен кездесу өтті. Бұл өңірдегі өндіріс орындарының қызметкерлерімен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік берген басқосулардың бірі болды.

Бұқар жырау ауданының Үштөбе ауылында жастармен кездесу ұйымдастырылды. Ақтоғай ауданының тұрғындарымен аудандық орталық кітапханада жүздесу өтті. Қарқаралы ауданының Тегісшілдік ауылында да жергілікті тұрғындармен кездесу ұйымдастырылып, ауылдық жерлердің дамуына қатысты мәселелер сөз болды. Шет ауданының Кеншоқы ауылында «Алмалы» ЖШС қызметкерлерімен басқосу өтті. Балқаш қаласында «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі қызметкерлерімен кездесу өтіп, техникалық және кәсіптік білім беру саласының маңызы сөз болды.

Жастармен және ауыл тұрғындарымен кездесулерге қатысқан кандидат Айжан Қиясова қоғамдық өмірдің әр саласын қатар дамыту қажеттігін атап өтті:

– Өңірдің дамуы тек ірі қалалар мен өндіріс орындарының жетістігімен өлшенбейді. Ауылдардың тыныс-тіршілігі, жастардың мүмкіндіктері, мәдениет пен спорт саласының жағдайы да жалпы дамудың маңызды көрсеткіштері. Сондықтан біз әртүрлі елдімекендерге барып, тұрғындармен тікелей кездесуге мән береміз. Әр ауылдың, әр ұжымның өзіндік сұранысы бар, – деді Айжан Қиясова.

16-20 қараша аралығында өткен кездесулер Қарағанды облысының өндірістік, әлеуметтік, білім беру, мәдени және қоғамдық өмірін қамтыды. Кандидаттар ірі кәсіпорындардың еңбек ұжымдарынан бастап, ауыл тұрғындары мен жастарға дейін әртүрлі аудиториямен жүздесіп, партияның сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

«Әділет» партиясының кандидаттары үшін халықпен тікелей байланыс – сайлауалды науқанның маңызды бөлігі. Себебі өңірдің болашағына қатысты шешімдер тұрғындардың сұранысы мен нақты қажеттіліктерін ескере отырып қабылдануы тиіс. Ашық диалог пен өзара пікір алмасу арқылы ғана қоғамды толғандырған мәселелерді айқындап, оларды шешуге бағытталған бастамаларды қалыптастыруға болады.

Дайындаған:
Ералы ҒАНИ,
«Әділет» партиясының Қарағанды облыстық филиалының баспасөз қызметі
Тапсырыс беруші:
Б.Қ.АЛТЫНБЕКОВ,
Төлем «Әділет» партиясы қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған сайлау қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылды

Тәуелсіздікпен түлеген



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұрын негізінен көмір өндіру және резеңке-техникалық бұйымдар шығаруға бейімделген қалада машина жасау, тұрмыстық техника, құрылыс материалдары мен металл өңдеу салалары қатар дамып келеді.

Саран қалалық әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, бүгінде Саранда Tengri Tyres, QazTehna, Silk Road Electronics, Karaganda Insulation, Saran Machinery, «ТЭМПО-Қазақстан», ыстықтай мырыштау зауыты және өзге де кәсіпорындар жұмыс істейді. Олардың өндірістік бағыттары сан алуан. Бірі автомобиль шиналарын шығарса, енді бірі автобус пен жүк көліктерін құрастырады. Мәселен, QazTehna зауыты 2020 жылдан бері автобус және коммерциялық техника өндірісін дамытып келеді. Кәсіпорында дәнекерлеу, бояу, құрастыру және дайын техниканы сынақтан өткізу жұмыстары жүргізіледі. Ал, Tengri Tyres зауыты жеңіл және жүк көліктеріне арналған шиналар шығарады.

Silk Road Electronics кәсіпорны да Саран өнеркәсібіндегі жаңа бағыттың бірі. Бұрынғы «Қарағандырезинотехника» зауытының аумағында орналасқан өндірістік кешенде теледидар, кір жуғыш машина және өзге де тұрмыстық техника шығарылады. Ескі өндірістік ғимараттардың жаңа технологиялармен жабдықталуы қаланың экономикалық жаңғыру сипатын аңғартады.

Өзгерістердің ауқымын нақты көрсеткіштер де айғақтайды. 2019-2024 жылдары Сарандағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 5,6 есе артқан. Ал, өңдеу өнеркәсібінің жалпы өндірістегі үлесі 92 пайызға жетті. Соның нәтижесінде 2023 жылғы қарашада Саран Қазақстанның моноқалалар тізімінен шығарылды.

Қазіргі таңда индустриялық және Солтүстік өнеркәсіптік аймақтарда 14 инвестициялық жоба қамтылған. Оның оны пайдалануға берілсе, қалған төртеуі жүзеге асырылу үстінде. Жобалар толық іске асқанда жеті мыңнан астам жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Әрбір жаңа өндіріс орны қала тұрғындарына өз өңірінде еңбек етіп, кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жасыл энергияға жасалған қадам

Сарандағы өндірістік жаңғырудың келесі бір бағыты – энергия тиімділігі мен баламалы қуат көздерін пайдалану. Қалада 2019 жылы қуаты 100 мегаваттық күн электр станциясы іске қосылды. Бұл өңірдегі жаңартылатын энергетиканы дамытуға бағытталған ірі жобалардың бірі саналады.

Ал, күні кеше баламалы энергияны пайдаланудың тағы бір тәжірибесі жүзеге асты. «Sigma Corporation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік алаңында шағын күн электр станциясы пайдалануға берілді. Кәсіпорын осы арқылы электр энергиясына жұмсалатын шығынды 15 пайызға қысқартады. Жобаның ерекшелігі – станция жабдықтарының лизингтік модель негізінде орнатылуы. Бұл қаржыландыру тәсілін «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Green Platform Kazakhstan қауымдастығы бірлесіп әзірлеген. Соның арқасында кәсіпорын қомақты қаражатты бірден жұмсамай, жабдық құнын кезең-кезеңімен өтеуге мүмкіндік алған.

– Біз кәсіпкерлерге айтарлықтай қаржылық салмақ түсірмей, күн энергиясын пайдалануға көшуге мүмкіндік беретін модель қалыптастыруды мақсат еттік, – деді Green Platform Kazakhstan қауымдастығының төрағасы Сергей Агафонов.

Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Ерлан Қалиев те бұл бастаманың өңірдегі кәсіпкерлікті қолдау және жасыл экономиканы дамыту міндеттерімен үндесетінін атап өтті. Ал, Atameken Qaragandy микроқаржы ұйымының директоры Саида Нукина жобаның экономикалық тиімділігіне назар аударды.

– Өндірістік кәсіпорындар үшін экологиялық шешімдердің экономикалық тұрғыдан тиімді болуы аса маңызды. Кәсіпкер жаңа технологияны енгізу үшін бірден қомақты қаражат жұмсауға міндетті емес. Лизингтік қаржыландыру арқылы жабдықтың құнын кезең-кезеңімен өтей отырып, станция іске қосылған алғашқы күннен-ақ электр энергиясын үнемдей бастайды. Мұндай тәсіл шағын және орта бизнес өкілдерінің де баламалы энергия көздерін пайдалануына мүмкіндік береді, – деді Саида Нукина.

Күн электр станциясының іске қосылуы Саран кәсіпорындарының өндіріс көлемін арттырумен қатар, жаңа технологияларды игеруге де серпін бермек.

Жаңарған қала – жаңа мүмкіндіктер

Өнеркәсіптің өркендеуі қаланың күнделікті тыныс-тіршілігіне де ықпал етеді. Жаңа зауыттардың ашылуы жұмыс орындарына сұранысты арттырып қана қоймай, тұрғын үй, инженерлік желілер мен әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту қажеттігін де күшейтеді.

Саранда кейінгі жылдары осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Ұзақ уақыт қараусыз қалған 22 көпқабатты тұрғын үй қалпына келтірілді. Олардың қатарында бір кездері өндіріс орындарымен бірге дамыған РТИ шағынауданындағы үйлер де бар. Бұрын бос тұрған ғимараттардың қайта жөнделіп, тұрғын үй қорына қосылуы қаланың келбетін жаңартуға мүмкіндік берді.

Тек былтырдың өзінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 110 пәтер берілді. Сонымен қатар, су құбыры мен кәріз желілері жаңартылып, жылумен жабдықтау жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы сыйымдылығы 10 мың текше метр болатын екі ауыз су резервуарының салынуы коммуналдық инфрақұрылымның тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

Тәуелсіздіктің отыз бес жылы Саран үшін экономикалық бетбұрыстар мен жаңа мүмкіндіктер кезеңі болды. Кезінде өндірістің санаулы саласына сүйенген қала бүгінде әртараптандырылған өнеркәсібімен, жаңа инвестициялық жобаларымен және жаңарып жатқан инфрақұрылымымен ерекшеленеді. Ендігі міндет – қалыптасқан өндірістік әлеуетті одан әрі арттырып, қолға алынған жобалардың игілігін тұрғындардың күнделікті тұрмысынан көрсету. Тәуелсіздік жылдарында басталған осы жаңғыру Саранның алдағы дамуына да берік негіз болып қалмақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Күмәнді ұсыныстың салдары ауыр

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қаржылық алаяқтықтың алдын алу, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру және оларды заңсыз ақша айналымына тартудан қорғау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Банк картасын өзге адамға пайдалануға беру арқылы қылмыстық әрекеттерге еріксіз араласып кететін жастардың қатары алаңдатады. Осыған орай, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде «Сенің картаң – сенің болашағың» әлеуметтік жобасы аясында студенттермен ақпараттық-түсіндіру кездесуі өтті.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесудің негізгі мақсаты – жастарға дропперліктің мәнін түсіндіріп, оның құқықтық және қаржылық салдары туралы кеңінен ақпарат беру. Мамандар студенттерге қазіргі таңда кең таралған интернет-алаяқтық тәсілдері, банк карталарын заңсыз мақсатта пайдалану және бөгде адамдардың қаржылық операцияларына делдал болудың қауіптері жөнінде түсіндірді.

Дропперлік дегеніміз – өз банк картасын, шотын немесе төлем деректерін басқа адамдарға беріп, сол арқылы күмәнді қаржылық операцияларды жүзеге асыруға көмектесу. Көп жағдайда алаяқтар жастарға оңай табыс табуды ұсынып, белгілі бір соманы аударып беру немесе банк картасын уақытша пайдалануға беру үшін ақы төлеуге уәде етеді. Мұндай ұсыныстың артында заңсыз ақша айналымы тұруы мүмкін. Бұл әрекеттердің салдары жеңіл емес. Өз картасын өзгеге берген адам қылмыстық жолмен алынған қаражатты өткізуге қатысып, заң алдында жауапкершілікке тартылуы ықтимал. Банк шоты бұғатталып, қаржылық беделіне нұқсан келуі мүмкін. Мамандар студенттерге күмәнді ұсыныстарға сенбеуге, банк картасының деректерін, құпиясөздері мен SMS-кодтарын ешкімге бермеуге кеңес берді.

Ашық диалог форматында ұйымдастырылған кездесуде студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, күнделікті өмірде кездесуі мүмкін түрлі жағдайларды талқылады. Қатысушылар қаржылық және құқықтық қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша мамандардан жауап алып, күмәнді ұсыныстарды қалай ажыратуға болатыны жөнінде мағлұмат алды.

«Сенің картаң – сенің болашағың» әлеуметтік жобасы алдағы уақытта Қарағанды қаласындағы колледждер мен жоғары оқу орындарында жалғасын табады. Бастама жастардың қаржылық сауатын арттырып қана қоймай, олардың алаяқтық әрекеттердің құрбаны немесе қатысушысы болуына жол бермеуді көздейді.

ҚАРАҒАНДЫ

Сурет Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасөз қызметінен

«Ақ жол» партиясынан №1 сайлау округі бойынша Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат АЙТКЕН ОРАЛБАЙҰЛЫ АХМЕТБЕКОВ



Мен өз қалам мен оның тұрғындарына пайдалы болғым келеді.

Мен 1982 жылғы 24 ақпанда Ұлытау облысы Қаражал қаласында дүниеге келдім. Мен үшін қоғам өмірінен, тұрғындарды толғандыратын мәселелерден және қалаларымыздың, аудандарымыздың, тұтастай еліміздің болашағына әсер ететін маңызды сұрақтардан шет қалмау аса маңызды.

«Ақ жол» партиясынан №1 сайлау округі бойынша Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат ретінде сайлауға түсу туралы шешімім – саналы түрде қабылданған қадам әрі қала тұрғындары алдындағы қосымша жауапкершілікті өз мойнына алуға деген дайындық.

Менің пайымдауымша, депутат тек мәслихат қабырғасындағы өкіл ғана емес, халықтың үнін еститін, олардың мәселелерін түсінетін және нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмыс істейтін азамат болуы тиіс.

Өз сайлауалды бағдарламамда басты назар аударатын бірнеше басым бағыттарды айқындадым.

Ең алдымен, бұл – сайлау округімізді абаттандыру мәселелері. Сапалы жолдар, жарықтандырылған көшелер, таза әрі күтіп-ұсталатын аулалар, қолжетімді балалар және спорт алаңдары, абаттандырылған саябақтар – бұлар қосалқы міндеттер емес, тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруіне қажетті негізгі шарттар. Осы мәселелердің қаланы дамыту жоспарларында көрініс табуына және нақты шешімдермен қамтамасыз етілуіне күш саламын.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымның жағдайы да ерекше маңызға ие. Тұрғындар сапалы коммуналдық қызметтер алуы тиіс, ал, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мәселелер формалды түрде емес, жүйелі түрде шешілуі қажет. Тұрғын үй секторындағы инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарына қатысып, өзекті мәселелерді жауапты органдардың алдына қойып, олардың шешілуіне ықпал етуді мақсат етемін.

Халықпен тұрақты байланыс орнатпай, депутаттық қызметті тиімді атқару мүмкін емес деп санаймын. Тұрғындармен кездесулер өткізу, азаматтарды жеке қабылдау, өтініштерін қарау және мәселелері толық шешімін тапқанға дейін сүйемелдеу – қызметімнің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Әрбір өтініштің артында нақты адам, отбасы және өмірлік жағдай тұрғанын ескеріп, оған құрметпен әрі жауапкершілікпен қарау қажет.

Бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді пайдаланылуын бақылауды да маңызды бағыттардың бірі деп есептеймін. Бюджет қаражаты – қоғамның қаражаты. Сондықтан, оның жұмсалуы негізді, ашық әрі тұрғындардың нақты қажеттіліктеріне бағытталған болуы тиіс. Бюджет тәртібі, қалалық жобалардың тиімділігі және атқарылатын жұмыстардың сапасы мәселелеріне ерекше назар аударамақпын.

Сонымен қатар, қолданыстағы заңнама аясында округ кәсіпкерлерінің мүдделерін білдіріп, қорғауға, іскерлік бастамалардың дамуына жәрдемдесуге, экологиялық мәселелерді шешуге және қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға атсалысуға ниеттімін.

Депутаттық өкілеттіктер барлық мәселені бірдей шешуге мүмкіндік бермейтінін түсінемін. Дегенмен табандылық, ашықтық, принципшілдік және тұрақты жұмыс нақты өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретініне сенімдімін. Ең бастысы – құрғақ уәде бермей, міндеттерді шынайы айқындау, олардың орындалуына қол жеткізу және халықпен тұрақты байланыста болу.

Мен қала дамуы әрбір тұрғынға деген құрметтен, күнделікті өмірдегі өзекті мәселелерді шешуден және қабылданған шешімдер үшін жауапкершілік алудан басталады деген сеніммен сайлауға қатысып отырмын.

Егер №1 сайлау округінің тұрғындары маған сенім білдірсе, сол сенімді өз еңбегіммен ақтау үшін бар күш-жігерімді саламын.

«Ақ жол» – нақты істер жолы!

Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті қаражаты есебінен төленді

• МЕДИЦИНА

Шалғайдағы шипанының шарапаты

Ауылдары бір-бірінен шалғай орналасқан Қарқаралы ауданында медициналық көмектің қолжетімділігі айрықша мәнге ие. Тұрғындардың денсаулығы аудан орталығындағы аурухананың ғана емес, елдімекендердегі медициналық ұйымдардың да жүйелі жұмысына байланысты. Кейінгі жылдары ауданда осы бағытта бірқатар оң өзгеріс байқалады. Жаңа медициналық нысандар бой көтеріп, материалдық-техникалық база жаңартылуда. Бұрыннан өзекті болған маман тапшылығын азайту бағытында да ілгерілеушілік бар.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде аудандық ауруханада 370-ке жуық адам еңбек етеді. Олардың 43-і – дәрігер, 168-і – мейіргер, фельдшер, акушер секілді орта буын медицина қызметкерлері. Қалғандары медициналық көмектің үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз ететін өзге қызметтерде жұмыс істейді. Аурухана аудан орталығындағы тұрғындарға ғана емес, шалғай ауылдардағы медициналық ұйымдарға да тірек. Кейінгі жылдары маман тапшылығын азайтуға бағытталған жұмыстар да нәтижесін бере бастаған.

– Бұрын кадр тапшылығы едәуір сезілетін. Қазір жағдай біршама түзелді. Жас мамандар келіп жатыр. Тіпті, кейбірі отбасымен көшіп келіп, жұмысқа орналасты. Бүркітті ауылында бір дәрігерлік учаске бос тұр. Келер айдың 15-інен бастап, келуге ниет білдірген маман бар. Қалған учаскелер толық қамтылған, – деді аурухана директоры Нұрболат Баймұрынов.

Шалғайдағы ауданға маман тарту да қаржылай ынталандырудың орны бөлек. «Дипломмен – ауылға!» жобасы бойынша елдімекенге жұмысқа келген мамандарға көтерме жәрдемақы мен тұрғын үйге жеңілдетілген несие қарастырылған. Бұған қоса, облыстық мәслихаттың шешімі негізінде денсаулық сақтау саласындағы тапшы мамандарға біржолғы қаржылай қолдау көрсетіледі. Мәселен, жалпы практика дәрігерлері мен бірқатар бейінді мамандар үшін оның мөлшері 8,5 миллион теңгеге дейін жетеді. Орта буын медицина қызметкерлеріне 1,5 миллион теңге көлемінде көмек белгіленген. Облыстық қолдаудың шарты бойынша маман кемінде бес жыл еңбек етуге міндеттеледі.

Солардың бірі – жас маман Жанарыс Теміров. Фельдшер мамандығын меңгерген ол Қарқаралыға «Дипломмен – ауылға!» жобасы аясында келіп, патронаждық мейіргер қызметіне орналасқан. Жұмысының негізгі бөлігі жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелердің денсаулығын бақылаумен байланысты.

– Жұмысқа келгеніме көп уақыт болған жоқ. Жұмыс өзіме ұнайды. Шама-шарқымыз жеткенше, әр тұрғынмен етене араласып, олардың денсаулығын тұрақты бақыласақ дейміз. Әсіресе, жас ана мен сәбидің денсаулығына қамқорлық жасау үлкен жауапкершілік жүктейді. Алдағы уақытта осы салада тәжірибе жинақтап, кәсіби біліктілігімді арттырғым келеді, – деді Жанарыс Тілеуқабылұлы.

Жас кадрлармен бірге медициналық инфрақұрылым да жаңаруда. Кейінгі екі жылда ауданда 20 медициналық нысан салынған. Олардың қатарында дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттер бар. Бұрын кей ауылдарда тұрғындарға арнайы медициналық ғимаратта емес, бейімделген үйлерде қызмет көрсетілген. Жаңа нысандардың салынуы қабылдауды тиісті жағдайда ұйымдастыруға, алғашқы медициналық көмекті ауыл тұрғындарына жақындатуға мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, бұрыннан жұмыс істейтін, тозығы жеткен нысандарды кезең-кезеңімен жөндеу де назарда.

Ауданда медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру үшін заманауи технологиялардың мүмкіндігі де пайдаланылуда. Соның бірі – облыста алғаш рет қанатқақты жоба ретінде қолға алынған телемедицина қызметі. Қазіргі таңда бұл жүйе ауданның 20 елдімекенінде жұмыс істейді. Оның көмегімен ауылдағы медицина қызметкерлері облыс орталығындағы бейінді мамандармен қашықтан байланысып, науқастың жағдайына қатысты кәсіби кеңес ала алады.

Ауылдағы медициналық көмектің қолжетімділігінде көліктің де үлесі зор. Биыл ауданға бес жаңа жедел жәрдем көлігі берілді. Ауруханада дәрігерлер мен мейіргерлердің кәсіби білігін арттыруға да көңіл бөлініп, қызметкерлер арнайы тағылымдамалар мен оқуларға жіберіліп жатыр.

Материалдық-техникалық базаны жаңарту жұмыстарының бір бөлігі әлі жалғасуда. Жылу жүйесін реттеу бағытында да бірқатар жұмыс атқарылған. Қарағайлы мен Бүркіттідегі медициналық нысандардың пештері ауыстырылып, аудандық ауруханаға жылу қазандығына жаңа жабдыққа тапсырыс берілген.

– Бұған дейін электр қуаты өшкен жағдайда ауруханаға толықтай жарықпен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмады. Қолданыстағы резервтік генератордың қуаты тек реанимация бөлімі мен жылу қазандығына ғана жететін. Кейде түнгі уақытта шұғыл ота жасалып жатқанда жарық сөніп, электр маманын шақыруға тура келетін жағдайлар болды. Сондықтан, бұл мәселені түбегейлі шешу үшін қуаты 500 киловаттық жаңа генераторға тапсырыс бердік. Оны автоматты түрде іске қосылатын жүйемен жабдықтау көзделген. Осылайша, электр қуаты үзілген жағдайда ауруханының негізгі бөлімдерінің жұмысын тоқтатпай, науқастарға қажетті медициналық көмекті үздіксіз көрсетуге мүмкіндік туады, – деді аурухана басшысы Нұрболат Баймұрынов.

Сондай-ақ, бүгінде аудандық ауруханада шұғыл хирургиялық көмектің бірқатар түрі көрсетіледі. Дегенмен, тәжірибелі бейінді мамандарға сұраныс әлі де бар. Басшылық хирургиялық қызметті күшейту үшін білікті дәрігерлерді тарту, оларға лайықты еңбек жағдайын ұсыну мәселесін қарастыруда. Атап айтқанда, шұғыл ота жасауға қабілетті тәжірибелі хирург қажет. Бұл бағытта өзге өңірлердегі мамандармен де байланыс орнатылып жатыр. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда облыстық медицина ұйымдарының дәрігерлері көмекке келеді.

Бір сөзбен айтқанда, Қарқаралы медицинасының бүгінгі тынысы осындай. Алда да атқарылатын жұмыстар көп. Ең бастысы, осы өзгерістердің игілігін аудан орталығымен қатар, шалғайдағы ауыл тұрғындары да көре алуы тиіс.

Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген автор

• ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Технологияның тың мүмкіндігі

Облыста реанимация бөлімшелерін цифрландыру жұмысы басталды. Енді медициналық құрылғылар емделушілердің өмірлік маңызды көрсеткіштерін тіркей отырып, жинақталған деректерді бірыңғай ақпараттық жүйеге автоматты түрде жібереді. Бұл дәрігерлерге науқастың жағдайын нақты уақыт режимінде бақылап, ондағы өзгерістерді дер кезінде байқауға мүмкіндік береді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаның алғашқы кезеңі Қарағанды қаласындағы №1 Перинаталдық орталықта қолға алынды. Әсіресе, шала туған нәрестелерге күтім көрсететін бөлімше үшін мұндай технологияның маңызы зор. Себебі, олардың денсаулық жағдайы қысқа уақыт ішінде өзгеруі мүмкін, сондықтан, үздіксіз бақылау қажет.

Цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Константин Ильницкийдің айтуынша, жаңа жүйе медициналық мәліметтерді қолмен енгізу қажеттілігін азайтады.

– Реанимациядағы әрбір орын қажетті датчиктері бар медициналық жабдықтармен қамтылған. Олар жүрек соғуын, қандағы оттегі мөлшерін, тыныс алу жиілігін және басқа да көрсеткіштерді тіркейді. Бұрын бұл ақпаратты медицина қызметкерлері құрылғылардан қарап, құжаттарға өздері енгізетін. Қазір барлық дерек ақпараттық жүйеге автоматты түрде жіберіледі, – деді ол.


Жүйе әр пациенттің жағдайына қатысты мәліметтерді электронды түрде сақтайды. Соның арқасында дәрігерлер ағымдағы көрсеткіштермен қатар, олардың уақыт өте қалай өзгергенін де салыстыра алады. Бұдан бөлек, технология көрсеткіштер динамикасын талдап, науқас жағдайының нашарлау ықтималдығын алдын ала байқауға көмектеседі. Дегенмен, медициналық шешім қабылдау толықтай дәрігерлердің құзырында қалады.

Қазір пилоттық жоба №1 Перинаталдық орталықта сынақтан өтуде. Алдағы уақытта цифрлық реанимацияны облыстың тағы 14 медициналық ұйымына енгізу жоспарланған. Нәтижесінде барлығы 179 реанимациялық орын заманауи цифрлық жүйемен жабдықталмақ. Олардың қатарында облыстық клиникалық аурухана, кардиологиялық орталық, Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Саран және Приозерск қалаларындағы көпбейінді ауруханалар мен аудандық медициналық ұйымдар бар.

Жаңа жүйе медицина қызметкерлерінің құжат толтыруға жұмсайтын уақытын қысқартып, пациенттерге көбірек көңіл бөлуіне жағдай жасайды. Ал, тәулік бойғы мониторинг науқастардың жағдайындағы өзгерістерді үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді.

Қашықтықты қысқартқан телемедицина

Кейінгі уақытта облыста қарқын алған телемедицина жүйесі мәселенің бір бөлігін шешуге мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде өңірдегі 118 ауылдық медициналық ұйым аталған жүйеге қосылып, қашықтан 4 312 медициналық консультация өткізілген.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қашықтан медициналық кеңес беру көрсеткіші бойынша Бұқар жырау ауданы көш бастап тұр. Мұнда 1 664 консультация өткізілген. Осакаров ауданында 934, Шет ауданында 568, Нұра ауданында 514, Қарқаралы ауданында 419 кеңес берілген.

Жүйеге облыс орталығындағы жетекші медициналық мекемелер де қосылған. Мәселен, облыстық клиникалық ауруханаының мамандары 1 086, облыстық кардиологиялық орталықтың дәрігерлері 359 консультация өткізген. Ал, облыстық балалар ауруханасы мен №3 онкологиялық орталықтың мамандары тиісінше 310 және 218 кеңес берген.

Ауыл тұрғындары арасында эндокринолог пен кардиолог мамандардың кеңесіне сұраныс жоғары. Сондай-ақ, онколог, невролог, травматолог және гастроэнтерологтердің көмегіне жүгінетіндер бар. Қызметті негізінен ересектер мен егде жастағы азаматтар пайдаланады. Әйелдер ерлерге қарағанда қашықтан медициналық кеңеске шамамен екі есе жиі жүгінген.

Телемедицинаны кәдуілгі бейнебайланыс деп түсінбеу керек. Оның мүмкіндігі әлдеқайда кең. Арнайы медициналық кешеннің құрамында цифрлық электрокардиограф, стетофонендоскоп, отоскоп, пульсоксиметр, спирометр, тонометр, цифрлық таразы және байланысқа арналған планшет бар. Осы құралдар арқылы жүрек жұмысы, қан қысымы, тыныс алу жүйесі мен қандағы оттегі деңгейі секілді маңызды көрсеткіштерді ауылдың өзінде анықтауға болады.

Мәселен, жүрек қағысына шағымданған тұрғынға электрокардиограмма түсіру қажет делік. Жергілікті медицина қызметкері тексеруді сол жерде жүргізіп, нәтижесін кардиологке жолдай алады. Бейінді маман науқастың медициналық мәліметтерімен танысып, шағымын тыңдап, әрі қарайғы емдеу немесе тексеру тәртібіне қатысты ұсыныс береді.

– Жабдықтың құндылығы оның атауында немесе жаңалығында емес, адамға тигізер пайдасында. Егер ауыл тұрғыны қажетті тексеруден өз елдімекенінде өтіп, маманның кеңесін уақыт жоғалтпай алса, технологияның міндеті орындалды деген сөз. Сонымен бірге, жергілікті дәрігер де жалғыз қалмайды, – деді Бұқар жырау аудандық ауруханаының басшысы Қуандық Болатұлы.

Әрине, телемедицина дәрігердің бетпе-бет қабылдауын, толықканды медициналық тексеруді алмастырмайды. Науқасты ауруханаға жатқызу, қосымша зерттеуден өткізу немесе шұғыл медициналық көмек көрсету қажет болса, дәстүрлі емдеу тәртібі сақталады. Жаңа жүйенің міндеті – қажетті медициналық шешімнің дер кезінде қабылдануына жәрдемдесу.

ДЕНСАУЛЫҚ

Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі интернет байланысының тұрақтылығы, медицина қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығы, тұрғындардың жаңа қызмет туралы хабардар болуы да жүйенің тиімді жұмыс істеуіне тікелей ықпал етеді. Технологиялық мүмкіндік пен маманның кәсіби білігі ұштасқанда ғана жаңашылдық өзінің диттеген мақсатына жетпек.

Түптеп келгенде, медицинаны цифрландырудың мұраты – озық технологияларды қолданысқа енгізумен шектелмей, адамның тұрмысын жеңілдету. Шалғай ауылдағы қарияның бір дәрігердің кеңесі үшін ұзақ жолға шықпауының өзі – үлкен игілік. Өркениеттің өлшемі де жаңашылдықтың қарапайым адамның қажетіне қаншалықты жарай алғандығында болса керек.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттығына «Ədilet» партиясынан №7 бірмандатты сайлау округі бойынша кандидат АСҚАР БЕГАЛЫҰЛЫ ОРАЗБЕКОВ



Қадірлі жерлестер!

Мен Оразбеков Асқар Бегалыұлы 1988 жылы туғанмын. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының арнайы грантының иегері ретінде, East China University of Science and Technology университетінің «Халықаралық экономика және сауда» мамандығы бойынша бакалавриат және магистратура түлегімін. Қытайдың Шанхай және Оңтүстік Кореяның Ёсу қалаларында жұмыс істеп, кәсіптің қыр-сырын меңгердім әрі тәжірибе жинақтадым. Кейін Қазақстанға оралып, 2016 жылы «Qaragandy metallurgia zauyty» ЖШС құрып, бүгінгі күні сол жерде еңбек етіп келемін және кәсіпорынның құрылтайшысымын.

Бұған дейін Қарағанды облыстық мәслихаты VIII шақырылымының депутаты болдым. «ӘDILET» партиясының мүшесі ретінде өңірдің әлеуметтік маңызы бар мәселелерін, оның ішінде, аудандар мен қалалардағы құрылыс сапасын, қауіпсіздік мәселелерін, жастардың тұлғалық дамуын және басқа да өзекті мәселелерді тұрақты түрде көтеріп келемін.

Мен үшін депутаттық мандат – мәртебе емес, халық алдындағы жауапкершілік.

Менің бағдарламам «Әділет» партиясының құндылықтары мен бағдарламалық басымдықтарына негізделген. Сондықтан, ондағы қағидаттарды тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жергілікті міндеттермен байланыстырамын. Әрбір мәселе тіркелуі керек. Әрбір өтініштің жауабы болуы керек. Әрбір қабылданған шешімнің орындалуы бақылануы керек.

Еліміздің ең басты құндылығы – адам, яғни, оның халқы. Ал, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау, әр мәселенің шешімін табу – әділ қоғамның негізі. Мен сайлауға түсіп отырған 7 округте әр көшеге – назар, әр мәселеге – шешім болғанын қалаймын.

Менің 2026-2031 жылдарға арналған нақты міндеттемелерім

1. САПАЛЫ ЖОЛ – ҚОЛЖЕТІМДІ ҚОЗҒАЛЫС

Шұғыл жөндеуді қажет ететін учаскелерді жөндеу жоспарына енгізуге ықпал ету

Аулаішілік жолдар мен жаяу жүргіншілер жолдарын кезең-кезеңімен жөндеуді бақылау.

Жаяу жүргіншілер өткелдері мен жол белгілерінің қажеттілігін қарастыру.

2. ЖАРЫҚТАНДЫРУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Қараңғы көшелер мен жарықтандырылмаған аулаларды анықтау.

Көшелер мен аулалардағы істен шыққан шамдарды қалпына келтіруді бақылау.

Аялдамалар мен жаяу жүргіншілер бағыттарының жарықтандырылуын жақсарту.

3.ТАЗА АУЛА – САПАЛЫ ӨМІР

Аулалардағы қоқыс контейнерлері санының жеткіліктілігі мен уақытылы шығарылуын бақылау. Заңсыз қоқыс орындарын жоюға ықпал ету. Аулаларды көгалдандыру және ағаштарды күтіп-баптау мәселелерін көтеру. Тазалық пен абаттандыру жұмыстарының тұрақты орындалуын бақылау.

4. БАЛАЛАРҒА ҚАУІПСІЗ, ТҰРҒЫНДАРҒА ҚОЛАЙЛЫ АУЛА

Балалар ойын алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін көтеру. Ойын және спорт жабдықтарын жаңарту жобаларын ұсыну. Қажетті жобаларды ұсынуға көмектесу.

5. ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР

Су, кәріз және жылу желілері бойынша туындаған мәселелерге қатысты тұрғындардың өтініштерін жүйелеу. Апаттық жағдайлар мен су жиналатын учаскелер бойынша тиісті органдарға сауал жолдау. Коммуналдық жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзімін бақылауға ықпал ету.

6. ТИІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ИНСТИТУТТАР: ТҰРҒЫН ҮНІ – ДЕПУТАТ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Тұрғындармен үш айда бір рет тұрақты қабылдау өткізу. Әр көше бойынша проблемалардың тізімін жасап, орындалуын бақылау. Депутаттық сауалдар мен ресми өтініштердің қаралу нәтижелерін қадағалау.

Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті қаражаты есебінен төленді

Сабаққа келмеудің себебі не?

Бір оқушының сабаққа келмеуінде әлеуметтік мәселе тұруы мүмкін. Кейде бұл – отбасындағы қиындықтың, кейде мектептегі буллингтің белгісі. Мұндай жағдайларды назардан тыс қалдырмау үшін Қазақстанда балаларды есепке алу және мектептегі әлімжеттіктің алдын алу қағидалары жаңартылды.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баланың білім алу құқығы мектеп табалдырығын аттаумен шектелмейді. Оның сабаққа тұрақты қатысуы, қауіпсіз ортада білім алуы және дер кезінде қолдау көруі де маңызды. Осы бағытта Қазақстанда балаларды есепке алу және мектептегі буллингтің алдын алу қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Алдымен, бір мәселенің басын ашып алған жөн. Қоғамда жаңа өзгерістерге байланысты сабақтан жиі қалатын оқушылар арнайы есепке жаңадан алына бастайды деген түсінік қалыптасты. Алайда, Оқу-ағарту министрлігі бұл ақпаратты нақтылады. Министрлікке қарасты Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бас сарапшысы Альбина Залмұқанованың айтуынша, сабаққа дәлелді себепсіз жүйелі түрде қатыспайтын оқушылар туралы мәліметтер Ұлттық білім беру деректер қорына бұрыннан енгізіліп келеді.

– Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алу қағидалары 2017 жылғы 11 шілдедегі №324 бұйрықпен бекітілген. Содан бері оған бірнеше рет өзгерістер енгізілді. Қараша айында қолданыстағы қағидаларға енгізілген кезекті түзетулер күшіне енеді. Атап айтқанда, олардың тұжырымдары жаңа Конституцияға сәйкес келтірілді. Бұл түзетулер сабаққа қатыспайтын оқушыларды арнайы есепке алуды көздемейді және редакциялық сипатқа ие, – деп түсіндірді Альбина Залмұқанова.

Өзгерістің негізгі мәні – бұрыннан жүргізіліп келе жатқан жұмысты жаңа талаптарға сәйкестендіру. Ал, сабаққа қатыспайтын балаларды анықтау, олардың жағдайын зерделеу және білім алуына жағдай жасау – білім беру ұйымдары мен жергілікті органдардың тұрақты міндеті.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында да балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау және сапалы білім алуына жағдай жасау мәселелеріне басымдық берді. Бұл бағыттағы міндеттер баланың мектепке тұрақты қатысуын бақылаумен ғана шектелмейді. Оқушының қандай да бір қиындыққа тап болғанын дер кезінде анықтап, оған психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету де маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, сабақтан себепсіз қалатын балаларды анықтау және буллингтің алдын алу тетіктерін жетілдіру – мемлекет айқындаған бала құқығын қорғау саясатының маңызды бөлігі.

Қарағанды облысында да сабақтан жүйелі түрде себепсіз қалатын оқушылар туралы мәліметтер аудандық және қалалық білім бөлімдерінің ақпараты негізінде қалыптастырылады. Облыстық білім басқармасының тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімінің басшысы Индира Искаковаға айтуынша, оқушылардың нақты саны жергілікті полиция органдарымен бірлесіп жүргізілетін ай сайынғы салыстыру қорытындысы бойынша нақтыланады.

– Аудандық және қалалық білім бөлімдері жергілікті полиция органдарымен бірлесіп, ай сайын 10 және одан да көп күн сабақтан себепсіз қалған оқушыларды анықтау және мәліметтерді салыстыру жұмыстарын жүргізеді. Бұл ретте баланың тұрғылықты жері, сабаққа қатыспау себептері мен отбасылық жағдайы нақтыланады. Ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен профилактикалық жұмыс жүргізіліп, оқушыны оқу процесіне қайтару және сабаққа тұрақты қатысуын қамтамасыз ету шаралары қабылданады. Қазіргі уақытта Ұлттық білім беру деректер қорында Қарағанды облысының жалпы білім беретін мектептерінің 1-11 сыныптарында оқитын 176 мыңнан астам оқушы туралы мәлімет қамтылған. Бұл көрсеткіш 0-18 жас аралығындағы барлық баланы емес, мектеп оқушыларын ғана қамтиды. Сонымен қатар, ерекше назар аударуды қажет ететін кәмелетке толмағандарды ерте анықтау, оларға әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету мақсатында білім беру ұйымдары полиция бөлімдерімен бірлесіп педагогикалық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл жұмыс Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 сәуірдегі №104-НҚ бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. Құжатта балаларды белгілі бір өлшемшарттар бойынша есепке алу қарастырылған, олардың қатарында академиялық үлгермеушілік те бар. Жаңа нормативтік-құқықтық актілерді енгізу бойынша білім басқармасы Психологиялық қолдау орталығымен бірлесіп, тамыз конференциясы аясында облыс өңірлерінде түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырды. Кездесулер барысында практикалық жағдайлар талқыланып, білім беру ұйымдарына профилактикалық жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша әдістемелік көмек көрсетілді, – дейді Индира Искакова.

Баланы есепке алу жұмысының түпкі мақсаты жазалау емес, оның сабаққа қатыспауына себеп болған жағдайларды анықтап, тиісті көмек көрсету екенін ескерген жөн. Сабақтан қалудың артында отбасындағы әлеуметтік қиындықтар, психологиялық қысым, оқу үлгеріміндегі кедергілер немесе өзге де мәселелер тұруы мүмкін. Сондықтан, әрбір жағдайға жеке қарап, баланың мүддесін бірінші орынға қою маңызды.

Жаңартылған қағидалар мектептегі буллингтің алдын алу және оған ден қою тәртібін де қамтиды. Атап айтқанда, білім беруді басқару органдарына буллинг туралы ақпарат түскен жағдайда оны бір жұмыс күні ішінде тіркеу міндеті жүктеледі. Сонымен қатар, білім беру ұйымдары жәбірленген балаға психологиялық қолдау көрсетіп қана қоймай, буллинг жасаған оқушымен де жеке жұмыс жүргізуі тиіс. Мұндай жағдайда балаларды әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу және жағдайды ушықтырмай шешу маңызды.

Мектептегі әлімжеттік көбіне сырт көзге байқала бермейді. Кейде оқушының сабаққа келмеуі, үлгерімінің төмендеуі немесе мінез-құлқының өзгеруі оның қандай да бір қиындыққа тап болғанын аңғартуы мүмкін. Сондықтан, мұғалімдер мен ата-аналар баланың көңіл күйіне, мектептегі қарым-қатынасына назар аударуы қажет.

Жалпы, жаңа өзгерістердің мәні – балалардың білім алу құқығын қорғау, сабақтан қалу себептерін ерте анықтау және буллинг жағдайларына уақытылы ден қою. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі есепке алынған балалардың санымен ғана емес, олардың мәселесі қаншалықты шешіліп, мектепке қайта оралуына және қауіпсіз ортада білім алуына жағдай жасалғанымен өлшенуі тиіс.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

Сақтыққа салғырттық жүрмейді

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Су айдындарында мұз беті қабыршақтана бастады. Алайда, тұрақсыз ауа райына байланысты мұздың қатуы біркелкі емес. Соған қарамастан, су айдындарында қауіпсіздік талаптарын елемейтіндер аз емес. Бұл қайғылы оқиғаларға себеп болуда. Осы мәселелер өңірлік коммуникациялар алаңында өткен «Жұқа мұз – өмірге қауіп: су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбындағы брифингте талқыланды. Жиында төтенше жағдайлар департаменті төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Нұрлан Жақатаев өңірдегі ахуал, қайғылы оқиғалар мен олардың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта барлығы 2 085 су объектісі бар. Оның 1 910-ы – көл, 107-сі – өзен, 55-і – су қоймасы және 13-і – тоған. Қазір су айдындары алаңының шамамен 1-5 пайызы ғана бастапқы мұзбен жабылған. Кейбір жерлерде мұздың қалыңдығы небәрі 1-3 сантиметрді құрайды. Ал, акваториялардың басым бөлігінде ашық су сақталған.

– Қалыптасқан жағдай аса сақ болуды талап етеді. Мұндай мұз адамның салмағын көтере алмайды. Әсіресе, су айдындарына автокөлікпен немесе қар жүретін техникамен шығу – өмірге тікелей қауіп. Мұздың қалың сияқты көрінуі оның қауіпсіз екенін білдірмейді, – деді Нұрлан Жақатаев.

Өкінішке қарай, қауіпсіздік талаптарын елемеудің соңы қайғылы жағдайлармен аяқталды. 17 қарашада Абай ауданындағы Шерубай-Нұра өзенінің Бородиновка шатқалы маңында үш балықшы жоғалып кеткен. Келесі күні таңертең мұз үстінен Lada Granta автокөлігі, іздер мен балық аулау құралдары табылды. Құтқарушылар жағадан 10 метр қашықтықта, 2,5 метр тереңдіктен, Шахтинск қаласының үш тұрғынының денесін алып шықты.

Іздестіру-құтқару жұмыстарына ТЖД күштері мен құралдары, кинологиялық есептоп, ұшқышсыз ұшу аппараттары, Starlink спутниктік байланысы, түнде көру құралдары және сүңгуірлер жұмылдырылды. Арада бірнеше күн өткенде, 22 қарашада сағат 19:05-те М. Мамыраев атындағы ауылдық округ аумағындағы Беталыс көлінде тағы бір қайғылы оқиға тіркелді. Жағадан 300 метр қашықтықта, 4 метр тереңдікте 1960 жылы туған Шахан қаласының тұрғыны суға батып кетті.

Дерекке сүйенсек, «Мұз» республикалық акциясы аясында облыста профилактикалық шаралар күшейтілген. Қазан-қараша айларында ТЖД бөлімшелері жергілікті атқарушы органдармен, полициямен және еріктілермен бірлесіп 149 рейд өткізді. Балықшылар мен аңшыларға 905 рет атаулы нұсқама беріліп, 1 179-дан астам үгіт-насихат материалы таратылған.

Білім беру ұйымдарында 6,1 мыңнан астам оқушыны қамтыған ашық сабақтар ұйымдастырылып, ата-аналар чаттары арқылы тағы 2 мыңнан астам ата-анаға ақпарат жеткізілді.

Соған қарамастан, заң талаптарын бұзу фактілері жалғасуда. Жыл басынан бері ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 412-бабы бойынша су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін бұзған 50 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 672 927 теңге айыппұл салынған. Мәселен, 20 қарашада Абай ауданындағы Вольный ауылы маңында су айдынында болу қағидаларын бұзғаны үшін екі ер адам мен бір кәмелетке толмаған жасөспірім жауапкершілікке тартылды.

Қауіпті учаскелердің қатарында Балқаш көлі (Балқаш қаласы, Шұбартүбек, Тораңғалық кенттері мен Бертіс шығанағы), Теміртау қаласындағы Самарқанд су қоймасы, Шахтинск маңындағы Сасыққөл, Бұқар жырау және Абай аудандарындағы Ынтымақ пен Шерубай-Нұра (Топар) су қоймалары бар. Сондай-ақ, Қарағандыдағы Федоров су қоймасы, Көгілдір тоған-дар, Чкалов су қоймасы, Қарқаралы ауданындағы Балықтыкөл, Беталыс көлі және ауылдық округтер аумағындағы өзге де су айдындары ерекше бақылауды қажет етеді. Әсіресе, Федоров су қоймасында аэрация жүйелеріне байланысты жұқа мұз түзілетінін ескерген жөн.

Осыған байланысты ТЖД жергілікті атқарушы органдарға бірқатар ұсыныс жолдады. Атап айтқанда, адамдардың рұқсат етілмеген жерлерден мұзға шығуы мен техниканың өтуі мүмкін учаскелерге тыйым салу белгілері мен ескерту тақтайшаларын орнату, демалыс және жұмыс күндері таңертеңгі және кешкі уақытта әкімдіктер, полиция мен еріктілердің қатысуымен тұрақты рейдтер жүргізу міндеті қойылып отыр. Одан бөлек, ауыл тұрғындарының, балықшылар мен аңшылардың чаттары, ата-аналар қауымдастықтары арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, заң бұзушылықтардың жолын дер кезінде кесу қажеттігі атап өтілді.

Мамандар тұрғындарды мұз толық қатпайынша балық аулауға шықпауға, жұқа мұзға аяқ баспауға, су айдындарына автокөлікпен және қарда жүретін техникамен жүрмеуге үндейді. Балаларды су маңында қараусыз қалдырмау, қараңғы уақытта және жалғыз мұз үстіне шықпау да аса маңызды.

ҚАРАҒАНДЫ

• СЕМИНАР

Жаза басу жарға соғады

Жастарға зиянды әдеттің зардабын түсіндірумен шектелмей, қауіп-қатерді ажыратып, дағдыландырудың маңызы зор. Осы мақсатта Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылы мен Ақадыр кентінде жастардың психологиялық сауаттылығын көтеріп, нашақорлық пен экстремизмнің алдын алуға бағытталған кездесулер өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Кемел келешек» жастар ұйымы мен Шет ауданының ішкі саясат бөлімінің бірлесуімен ұйымдастырылған «Жастар психологиясы: өзіңді түсін, өмірді бағала» тақырыбындағы дөңгелек үстелдер мен семинар-тренингтерге 250-ге жуық адам қатысты. Қатысушылар қатарында 8-11-сынып оқушылары, белсенді жастар, қоғамдық ұйымдар мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, сала мамандары болды.

– Кездесулердің негізгі арқауы – нашақорлық пен экстремистік идеологияның алдын алу, психологиялық тұрақтылық пен құқықтық сауаттылықты нығайту. Әсіресе, жасөспірім өмірінде достарының пікірі мен әлеуметтік желідегі ақпарат айрықша ықпал етеді. Сондықтан, мәселені қорқытып-үркіту арқылы емес, ашық әңгімемен түсіндіру қажет, – деді Шет ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Асхат Ахметов.

Кездесудің негізгі спикері – «Медиация және отбасы психологиялық қолдау орталығының» басшысы, «Әділет» партиясы облыстық филиалы жанындағы Әйелдер қанатының өкілі Гүлмира Отыншина. Ол жастармен эмоционалдық тұрақтылық, өмірлік қиындықтарды еңсеру және өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау төңірегінде әңгімелесті.

Басқосудың тағы бір ерекшелігі – жас қатысушылар дайын кеңесті тыңдаумен ғана шектелмеді. Семинар-тренингтерде күнделікті өмірде кездесуі ықтимал жағдаяттар талданып, құрдастар қысымына қалай жауап беру, күмәнді ұсыныстардан қалай бас тарту керектігі бірге таразыланды.

Әңгіме саламатты өмір салтына да ойысты. Спортпен шұғылдану, уақытты тиімді пайдалану, пайдалы орта қалыптастыру – қауіптің алдын алудың маңызды тетіктері. Шара соңында белсенді қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталғанын да айта кету керек.

• ӘНШІ СЕЙІЛ АЯҒАННЫҢ ТУҒАНЫНА – 55 ЖЫЛ

«Сұлу ән, саған адалмын!»

Өзі кие тұтқан әнімен талай қазақтың төрін толтырды, өрелі өнерімен жұрттың жандарын жадыратып, жүректерінде өмірге деген құлшынысын күшейтіп, үміт оттарын лаулатты. 1971 жылдың күзінің шуақты күнінде Аяған қожаның әулетінде дүниеге келіп, қаңтардың сақырлаған сары аязымен сағыныш сағымына айналып, қазақтың маңдайына сыймай кеткен үлкен әншісі – Сейіл Аяған еді.



Әлқисса. Сонау жалынды 90-жылдары Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Студенттер сарайының сахнасы сол кездегі қала мәдениетінің қара қазанына айналғандай шақ еді. Студенттер сарайының сахнасында сан түрлі өнер шаралары үздіксіз өтіп жататын. Соның барлығының басы-қасында университеттегі Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы Ерлан Төлеутаев жүретін. Ешқандай нұсқаусыз қаладағы өнерпаз атаулы жастар осында жиылады. Жеті жүздей орны бар сарай лық толады. Сахна төрінде гитарамен Сейіл Аяған табылады. Қарағанды политехникалық институтының студенті кезі еді әншінің. Осы сахнада, Ерлан Құжыманов сынды әншілер «Юран-ай»-ларды құйқылжыта салып жүрсе, қазіргі «Ninety One» тобының жетекшісі Ерболат Беделхан да Майкл Джексон музыкасына сол сияқты киініп шығып, би билеп жүретін.

Одан кейін тағы сол Ерлан Төлеутайдың бастамасымен «БОТА» интеллектуалды жастар клубы құрылып, олардың ойындары Қарағанды облыстық телеарнасынан көрсетіле бастады. Ондағы эфирдің тұрақты әншісі – өнерпаздарының бірегейі – тағы Сейіл Аяғанов болды. Жалпы, Ерлан мен Сейіл Шет ауданы Қызылтау ауылының тумалары һәм өнерде де егіздей еді.

2000 жылдардың басында үйлену тойының қамымен университеттің Студенттер сарайының жанындағы «7-континент» кафесіне бара қалдық. Кіріп барсақ, қарағандылық өнерпаздың бәрі отыр екен. Арасында ұзын ақшыл түсті плащ киген Сейіл отыр. Шапшаң гитарасын қамдап, бірден халық әні «Алқоңырдан» бастап, ізінше лек-легімен тоқтаусыз төрт-бес әнді шырқап салды. Тоқтаған сәтінде жиналған жұрт «Алқоңыр» әнін қайта сұрады. Қайта шырқады. Бөлек күй кештік. Оның қоңыр әрі ашық үні тұла бойымды баурап алды, тек мен ғана емес, барлығы ұйып қалған. Себебі, одан кейін, ешкім ән салып, не күй шертіп ол әсерді сейілткісі келмегендей хәл кешті. Ол да жұрттың сол күйін сезді: «Не болды, жігіттер? Үндемей қалдыңдар ғой», деп мырс ете қалжыңдай қойып еді, ақын Қайрат Асқаров: «Енді өзіңіз ғой, жайырақ айтпайсыз ба әніңізді?!», деп тынып қалған жұртты күлдіріп, мүлгіген хәлден оятқандай болды.

Араласа түскен сайын оның таңғажайып әншілігімен қатар терең мәдениетін көрдім. Тұла бойы әдептен жаратылғандай еді. Назар аударған кісіге қабағын көтеріп алып, ашық жүзбен күлімдей қарайтын әдеті бар. Кісілермен айрықша ілтипатпен, артықша ізетпен араласатын. Жүзінен мейірім шуағын төгіп-ақ тұратын. Көп сөзден аулақ, бірақ әр сөзін әдеппен астарлап, жылы көңілмен әдіптей отырып сөйлейтін. Мен араласа бастаған жылдары Қымбат жеңгемізбен табысқан шағы еді. Жеңгеміздің дастарханы мол, қашанда қабағы ашық, екеуара қалжыңдасып отыратын. Бір-екі шыны шайдан соң, ол «Қымбати, гитарамды әкел!» деп, арқа-жарқа, емін-еркін отыратынбыз. Сол дастархан басынан Қарағандыда тұратын жұрттың жасы да, кәрісі де, бай да, кедейі де табылушы еді. Басы шаймен басталып, аяғы асылған ет пен мол қуырдаққа ұласып жататын. Сейіл адам баласын жатырқамайтын, менсінбеушілікке жаны қас, кісі жамандаудан аулақ жан. Ал бейпіл ауыз, не қыршаңқы қалжыңды есіткенінде «мәдениетті болайық» деп жұмсақ леппен тыйып тастайтын еді. Сейіл мен Қымбаттың дастарханынан дәм татпаған кісі кемде-кем. Рамазан Стамғазиев, Ұлту Қабаева, Меруерт Түсіпбаева, Мейрамбек Беспаев, Тоқтар Серіков, Роза Әлқожа деп тізе беруге болады. Тек әнші-өнерпаздарды ғана емес, өзіне бір рет болсын сый көрсеткен азаматтардан бастап, қарапайым сыныптас, курстас немесе ауылдастарына дәм татқызып, шапан жаппай жібермейтін. Қарағандылық болса да болмаса да сонда: Руслан Нұрбай, Серік Сағынтай, Қайрат Асқаров, Бағдат Мүбәрактардан бастап, Мирас Асан, Жәнібек Әлиман, Қуаныш Медеубаев, Алмаз Мырзахмет, Мақсат Ақанов сынды жастардың барлығы келіп-кетіп жататын. Сыныптасы Ербол, курстастары оралдық Ринат пен Оралбайлар, жаңаарқалық – Талғат, ақжалдық – Қамбар, спортшы досы – Қадырхан, стоматолог досы – Қазбек, дәрігер досы – Жанат сынды азаматтар осы үйдің кісілеріндей көрінетін. Қысқасы, Қарағанды қаласының мәдени өмірін Сейіл Аяғансыз елестету мүмкін емес-ті. Студенттер сарайының сахнасында қайнаған «өнердің қара қазаны» Сейілдің шаңырағына көшіп келгендей еді.

Астанаға келген кездерінде орайын тауып үйге соғып, қона жатып, қолында барын балаларыма таратып, кейде таксиге қарызға мініп кеткен кездері көп болды. «Мынау ұят болды-ау, ең құрығанда такси ақысын төлейін» дегенде, ол: «Қойшы, Жәке, мен ел ішіндемін ғой!», деп мырс етіп кете баратын.

Жұрттың көбі Сейіл Аяғанның ешқандай мекемеде тұрақты жұмыс істеп жалақы алмағанын, ал 2019 жылға дейін жеке баспанасының болмағанын біле қоймайды. «Бөрі арығын білдірмес» демекші, ол ешқашан, ешкімге оны білдірген емес. Бауыры, досы Оралбай Секеңнің баспаналы болуына үлкен еңбек сіңірді. Сейіл қайтқан күндердің бірінде жора-жолдастар бас қосып, еске алысып отырғанда сол Оралбай: «Секең тіршілігінің өзінде аңызға айналып еді, енді артында қалған біздер өле-өлгенше аңыз қылып өтеміз ғой», деп еді. Жарықтық Сейіл де: «Менде не арман бар, біреуі үйімді алып беріп, екіншісі ремонт жасап, үшіншісі соғымымды сойып жатады, тісіме дейін тегін емдеп береді азаматтар», деп шүкіршілік етіп отыратын. Сол сыйдың барлығын ол кең пейілінің арқасында көрді.

2000-жылдардың басында Алматыдағы Республика сарайының сахнасында өтіп жүрген «Ән мен әнші» концертіне, кейінірек қазақтың ретро әндер концерт-жобаларына да қалмай қатысып жүрді. Концерт жүргізушілері Жанатбек пен Сержан: «Сейіл шығар ортаға, гитарасы сыңғырлап», деп сахнаға шақыратын. Бірде жүргізушілер: «Сіз неге осы Қарағандыдан Алматыға көшіп келмейсіз?», деп сұрағанда: «Мен елімді қимаймын, ел ішінде өмір сүргенді, Қарағандыны жақсы көремін», деп жауап берген-ді. Сол тележобалар арқылы Сейілді барша қазақ жұрты таныды. Өңір-өңірдегі жұртшылық той-думанға тіпті жиі шақыратын болды.

Жастық шағында «кедый» деген аяқ киімді үздіксіз киген оның жас жүрегі ревматизмге шалдыққан екен. Сол оның жүрек дертін күшейте түсті. Жүрегі сыр беген соң ота жасатты, өмірінің соңғы күндеріне дейін уыстап дәрі ішуге мәжбүр болды. Сол дертті жүрекке қарамастан ол өле-өлгенше ән салып кетті. Бір көрген кісі бойында созылмалы жүрек дерті барын сезбей де қалатын. Әнші әр әнін жүрекпен шырқайтын, жүрекке қондыратын.

Жүрегіне ота жасалғанан кейін арада бірнеше жыл өткен соң, оның жүрегі қайта сыр бере бастады. Дәрігерлер жүрегін айырбастау керек деген диагноз қойып, жүрек айырбастау кезегіне қойды. Осы арада баянауылдық досы Үсенмен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының басына зиярат етуге барады. Сол жерде тілеу тілеп, түнейді. Түсінде Мәшһүр атаны көреді, ертеңіне ұйқыдан оянғанда өзін жеңіл сезінеді. Шамалы уақыттан соң кезекті дәрігерлік тексеріске барғанда, оның жүрегі біршама жақсарғанын, сатурациясы 30-дан, 80-90-ға дейін көтерілгенін айтып, таңғалып, жүрек отасының кезегінен алып тастады. Сол күндерден бастап ол әулие атаның ұрпағы Абай Шарапиев аға бастаған ұрпақтарымен достас-сыйлас болып кетті. Ұрпақтары тұратын Жаңажол ауылына концертін де қойып берді. Елу жасқа толған туған күнін сол Мәшһүр атаның басындағы қонақүйдің кафесінде әйелі Қымбат, Абай аға, Астанада тұратын Рымкеш апайы бәріміз ақырын атап өттік. «Ел үлкен індеттен енді ғана есін жиып жатыр, дүркіретіп той тойлаған жарамайды» деп түсіндірді.

«Мен құлақпен тыңдап үйрендім» дегеніндей, Сейіл абсолютті тыңдау қабілет иесі болды. Бір тыңдаған әуенді, сол сәтте-ақ гитараға салып алушы еді. Үлкенді-кішілі жұрт ән айтқанда, ол гитарасымен әп-сәтте сүйемелдей кететін импровизаторлығы да бар. Ол әнді өткен ғасырдың 70-80-ші жылдары әр ауылдың көшесінде, әр үйдің қабырғасында ілулі тұрған радиодан үйренген ілмеқұлақ қазақ еді. Бір естіген өлеңі көңіліне қонса болды, бірден жаттап алатын. Бір естіген телефон нөмірін, кез келген кісі есімін, машина нөмірін блокнотқа жазғандай жаттап қалады. Сондай жадысы бола тұра, әнге келгенде ешқашан асығыстыққа салынбайтын. Араласқан жұрт үйіне барған кезінде, «осы әнді пісіріп жүрмін» деп, сол әнді жиі-жиі айта беретін. Үлкен сахнаға шығарған әндерінің барлығы тап солай ішінде әбден пісіп-жетілгендері. Әнді сәбидей өбектеп, көңілді тебірентіп, жібек самалдай аялап айтатын. Ол үшін ән салу кәсіп емес – ең сүйікті ісіне айналған өнерпаз еді.

Ән салуға келгенде, қамшы салдырмайтын. «Менің тамағым ауырды», «Мен ауырып отырмын», «Менің ән айтуға зауқым жоқ» деп сылтауратып, ән салудан жалтарып көрген жан емес. «Сұлу ән, саған адалмын!» деген өзі жиі айтатын сөзі оның өмірлік қағидатына айналды. Әннің киесін сезді, шәкірттеріне де соны сездіріп бақты. Қарап отырсаңыз бір әнің айтылу уақыты бірер минуттан аспайды. Сол қас-қағым сәтің ішіне тұтастай тағдырлар, көлдей көңілдер, ақтарылған сезімдер, үзілген үміттер не лаулаған сезімдер, басынан кешірген тағдыры сыйып-ақ кететінін, Сейіл әнінен түйсінгендей болдық. Сейілдей тағдырлы әншінің бақыты ән салып тұрған шақтары екенін енді ғана түсінгендей болдық.

Кей өнерпаздардан өзімшілдік, іші тар қызғаншақтық көрініп жатады. Бұл әдет Секеңе жат. Керісінше ол өзі араласқан әр өнерпазға барынша сый көрсетіп, бойынан жақсы қасиетін ғана көріп, орындаған әнінен жақсы ырғақ немесе иірімін байқап, «ой, ол керемет қой» деп тамсанып отыратын. «Мен әнші емеспін, тек орындаушымын. Қайда-а, алдымызда Икеңдердей (Игілік Омаров), Қайрекеңдердей (Қайрат Байбосынов) ұлы әншілер тұрғанда, олардың шәкірттері тұрғанда біз кімбіз?!» дейтін. «Икең былай салған, Қайрекең мына жерінде бүйткен» деп, ілгері немесе замандас әншілердің бір әнді қалай салғанын бүге-шігесіне дейін талдап, әр деталін жаны қалмай түсіндіретін. Тыңдаған соң әнді талдай бастайтын. Ырғағы мен сөзінің үйлесім табуын, ән мінезі мен табиғатын қаншалықты аша алғандығын, тап сол әннің басқа өнерпаздардың орындауындағы айырмашылығын түсіндіретін. Сейілдің бұл қырын көпшілік жұрт білмегені анық. Өзі араласқан орындаушы репертуарында оң жамбасынан келген жалғыз әні болса, соны айтқызбай жібермейтін. Қарапайым ауыл өнерпазы Аманжан Жәшкеев «Ақ тамақ» әнінен бастап, дәстүрлі әндегі іні-қарындастары Сержан Мұсайын, Дәуренбек Әркенов, Ержан Базарбеков, Айгүл Қосанова, Сырым Мұхаммеджанов, Баян Нұрмышева, аға буыннан Жақсықелді Кемалов, Мейірхан Адамбеков, Рамазан Стамғазиев, Толғанбай Сенбаев, Құрмаш Ыбышев, Ерлан Төлеутай, Ерлан Құжыман, Бекболат Тілеухан, ардагер әншілерден Жүсіпбек Елебеков, Жамал Омарова, Игілік Омаров, Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Қайрат Байбосынов, Жәнібек Кәрменов сынды майталмандардың репертуарларын Сейіл егжей-тегжейлі талдап, мендей қарапайым тыңдарманды ән тылсымына жетелеп, ән жайындағы ақжарма сырларын ақтарып беретін. Оның өзі де гитарамен халық әндері «Сәулем-ай», «Алқоңыр», «Әпитөк», «Бір келіншек», «Маусымжан», Ақан Серінің – «Жамалжан», Біржан Салдың – «Ләйлім шырақ», «Тайжанның әні» сынды көптеген халық және халық композиторларының әндерін тамылжыта шырқап салатын. «Түбінде барлық әншінің шығатын шыңы – Игілікше ән салу ғой» дейтін.

Ол қазақтың тұңғыш гитара-әншісі Қорабай Есеновті пір тұтты, Нұрлан Өнербаев, Ержан Белгозиев, Гүлмира Ақүрпековалардың өнерлерін жоғары бағалады. Консерватория көрген әнші Баян Нұрмышева: «Осы сізде ешкімде жоқ аккордтар бар, гитараны да домбыраша шертесіз», дегенде ол: «Біз енді құлақпен тыңдап үйрендік қой, былай үйреткен ешкім жоқ», деп жауап бердім деуші еді. Эстрада әншілерінен Мақпал Жүнісова, Роза Рымбаева, Ұлту Қабаева, Елена Әбдіхалықова, Жұбаныш Жексенұлы, Мейрамбек Бесбаев, Жанар Айжанова, Роза Әлқожа, Саят Медеуов, Қанат пен Светлана Құдайбергеновалар, Медет Салықов пен Клара Төленбаева сынды талай эстрада жұлдыздарының жекелеген әндерінен бастап, тұтастай репертуарларын да талдап отыратын.

Сейіл Аяған репертуарында дәстүрлі әндер жетіп артылса да, жалпы жұрт оны эстрада әншісі ретінде таныды. Өнерпаз атаулы оның үлкен және өте жақсы әндерден тұратын репертуары бар әнші екенін мойындайтын. Ол Игілік Омаров, Қасымхан Асанов, Кәкімбек Салықов, Ілия Жақанов, Жағыпар Әлімханов, Қорабай Есенов, Ерлан Төлеутай, Аманжол Әлтай сынды ақындар мен композиторлардың әндерін өздерінен үйренген. Оның репертуарында Қасым Аманжолов, Сыдық Мұхаметжанов, Әбілахат Еспаев, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов, Кеңес Дүйсекеев, Ескендір Хасанғалиев, Нұрғиса Тілендиев, Садық Кәрімбаев, Жақсықелді Сейілов, Жанғали Меймандосов, Мұратхан Егінбаев, Тұрсынғазы Рахимов, Болат Сыбанов, Мейрамбек Жанболатов, Тұрсынжан Шапай сынды композиторлардың әндері оның репертуарында айрықша реңмен, артықша сезімге бөленіп, жүректен шырқалушы еді. Есімде, бір күні жылап телефон соқты. Сөйтсем, «Шәмші» телесериалының кезекті сериясы Сейіл орындауындағы «Сен сұлу» әнімен аяқталған екен. Сонда ол: «Осы «Сен сұлуды» қазақта қандай керемет әншілер салып еді, режиссер менің орындауымдағы әнді беріпті. Енді менің еш арманым жоқ! Шәмшіні көрмесем де, мен айтқан ән оның киносында берілді. Менен бақытты жан жоқ енді!», деп қатты қуанып еді.

Әсіресе, ән мәтіндеріне үлкен зер салып, үлкен жауапкершілікпен қарайтын. Әдеби шығармалардың ішінде ән мәтіндеріне жазылған өлеңдерді жатқа білетін. Сонымен бірге, Мағжан Жұмабаев, Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев, Жұматай Жақыпбаев, Несіпбек Айтұлы, Ұлықбек Есдәулет, Серік Ақсұңқарұлы, Ғалым Жайлыбай сынды ақындар мен замандас бауырларының поэзиясын жақсы білетін, өлеңдерін жатқа оқып әрі айрықша жақсы көретін.

Сейіл Аяғанның өзі шығарған біраз әні бар. Бірақ өз әндерінен гөрі туған інісі Шыңғыс Мұқаевтың әндеріне көбірек назар аударды. Сөйтіп ол Шыңғыстың әндеріне ақын Қайрат Асқаровқа сөз жазғызды. «Сен неткен көрікті едің» әні Мейрамбек Беспаев репертуарына кірсе, «Шығыстың шәрбат таңы едің» әнін өзі айтты.

Ол «Қазақстан» мен «Хабар» телеарнасындағы «Таңшолпан», «Таңғы Хабар», «Бенефис шоу» сынды бағдарламалар мен тележобаларына, Абай Құнанбайұлы, Шәмші Қалдаяқов, Қасым Аманжолов, Ілияс Омаров сынды өнер майталмандарының мерейтойлық концерттеріне арнайы шақырылып, ән салып жүрді. Сол концерттердің барлығында түсірілім жүргізілетін, ал Сейіл болса концерттен кейін қатты қуанып шығатын. Сонда ол: «Бүгін мен «Сен сұлуды» жаздырдым» немесе «Таңшолпанда» «Бала махаббатын шырқадым», «Менің әндерім алтын қорға кетті», деп таспаға жазылып, архивте сақталып қалғанына балаша қуанатын. «Қазақ радиосы» мен «Шалқар студиясының» алтын қорларында Сейілдің дауысы жазылған үнтаспалар эфирден жиі қойылып жүреді.

Сейіл Аяған тіршілігінде Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Алматы ТВ» каналы түсірген «Таң самалы» атты үлкен жеке концерт берді. Жезқазған мен Балқаш қалаларының мәдениет сарайларында жеке концерттерін де беріп үлгерді. Қарағанды мен Астана қалаларында өтіп жүрген көптеген үлкен концерттерге қатысып жүргенімен жеке концерт қоюға үлгере алмай кетті. Шамамен репертуарында 500-ден астам ән болғанымен, «Таң самалы» атты 14 әннен тұратын бір-ақ CD альбом жариялап қана үлгерді. Оның ең соңғы сахнадағы әні, Қарағандыда өткен Ерлан Төлеутайдың шығармашылық кешінде айтылды. Сонда ол «Көріктім менің» әнін салғанда: «Жетем деп жүріп, қалады екен жете алмай, Ақ-адал жандар арманына асыққан», деп ақ арманына жете алмай кететінін айтып кеткендей екен.

Сейіл дүниеден ерте кететінін сезген сияқты. Бірде Қымбат жеңгемізге: «Мен дүниеден өткенде, Мейірхан (М. Адамбеков) ағаның қасына жерлеңдер», депті. Өзіне үлкен сынмен қарайтын ол таңертең ұйқыдан тұрып, жуынып-шайынған соң, таңғы шайында ата-бабаларының әруақтарына Құран бағыштайтын. Оны ақтық сапарға шығарып салуға байланысты ұйымдастырылған митингке шамамен 3,5 мың кісі жиналып, Қарағандыдағы Әнет Баба мешітінің алаңына халық сыймай кетіп еді. Топырақ салуға барған жұрттың легі қаланың шетінен Соқыр зиратына дейінгі 5-6 шақырым аралықты автокөлік нөпіріне жалғап жіберді. Біз танымайтын жұрттың барлығы бір-бірімен құшақтасып жоқтасып жатты. Ешқандай ресми марапат, атақ көрмей кеткен Сейілге халық құрметі осылай көрінді. Үлкен концерттерден бастап той-думан, шағын дастархан басындағы отырыстарда гитарасымен салған әнінің ақысын халық бір кісідей жиналып, ақтық сапарына осылай шығарып салумен өтегендей еді.

Жанбота КӘРІПБАЕВ,
PhD, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры

Сурет кейіпкердің отбасылық мұрағатынан

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

Жас жүректің лүпілі

Жайық Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Отаным – бақыт мекенім» облыстық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай ұйымдастырылған шығармашылық сайысқа 16-20 жас аралығындағы 46 үміткер қатысты. Елге деген сүйіспеншілігін өлеңмен өрнектеп, туған өлкенің тарихын бейнежазба арқылы танытқан жастар екі номинация бойынша бақ сынады.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатысушылар екі номинация бойынша бақ сынады. «Гүлдене бер, менің Қазақстаным!» аталымында жастар патриоттық тақырыптағы өлеңдерді жатқа оқып, туған елге деген ықыласын жыр жолдарымен жеткізді. Ал, «Туған жерім – туған өлкем» номинациясында қатысушылар өз қаласы, ауданы, туған жері немесе сол өңірден шыққан танымал тұлғалар туралы бейнежазба ұсынды.

Үміткерлердің еңбегін ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Бағдат Мүбәрақ, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің PhD докторы, қауымдастырылған профессоры Нұртас Смағұлов бағалады. Қазылар алқасы жұмыстардың мазмұнына, көркемдік деңгейіне, тақырыптың ашылуына, шығармашылық ізденісі мен өзіндік ерекшелігіне басымдық берді.

Поэзия оқу номинациясында бас жүлде Ж.Ақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушысы Наргиза Тлеубаеваға бұйырды. Бірінші дәрежелі дипломды «Цифрлық технологиялар және дизайн» колледжінің студенті Ксения Агабабова иеленсе, екінші орын Б.Момышұлы атындағы мектеп оқушысы Нұрдәулет Сабыржанға берілді. Үшінші дәрежелі диплом Балқаш медициналық колледжінің студенті Аиша Қанатқа табысталды. Ал, Қарағанды жоғары «Болашақ» колледжінің студенті Лидия Кухар ынталандыру марапатына ие болды.

Бейнежазбалар аталымында Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің студенті Сырым Сәлемханұлы үздік атанса, бірінші дәрежелі диплом №79 негізгі орта мектептің оқушысы Максим Шкуровқа табысталды. Екінші орын Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-лицейінің оқушысы Жібек Қалдыбайға бұйырды. Үшінші дәрежелі дипломды Абай қаласы Қ.Сәтбаев атындағы қосымша білім беру мектебінің оқушысы Анастасия Ильчук иеленсе, академик Е.Бөкетов атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушысы Маргарита Селезнева ынталандыру марапатына ие болды.

Марапаттау рәсімінде облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы архив, кітапхана және музей ісі бөлімінің басшысы Шолпан Жұмабаева жеңімпаздарды құттықтап, қатысушыларға алғыс айтты. Кеш көркін Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің әншілері Ершат Қонақбаев пен Төлеген Сармуддинов аша түсті. Өнерпаздар көпшілікке «Қазақ елі» және «Атамекен» әндерін тарту етті.

● БРИФИНГ

Рух – асқақ, бедел – зор

Өңірде бұқаралық спортты дамытуға, тұрғындардың дене шынықтырумен тұрақты айналысуына қолайлы жағдай жасауға айрықша мән беріліп келеді. Бүгінде облыста 1 607 спорт ұйымы жұмыс істесе, олардың қызметін 460 мыңнан астам тұрғын пайдаланады. Ал, өңірдегі 39 спорт мектебінде 28 485 бала түрлі спорт түрімен шұғылданады. Оның 5 984-і – ауылдық елдімекендердің балалары. Сонымен қатар, Қарағандыда заманауи спорт кластерінің құрылысы қолға алынған. Ауқымды жоба аясында UEFA-ның төртінші санатындағы стадион және балалар-жасөспірімдер мен кәсіби спортты дамытуға арналған бірқатар нысан бой көтермек. Бұл туралы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Диас СЕРІККАЗЫҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде халықаралық және республикалық жарыстарда ел намысын абыроймен қорғап жүрген спортшылардың әлеуетін арттыруға да басымдық берілген. Қазіргі таңда ұлттық құраманың сапында 965 қарағандылық спортшы өнер көрсетіп жүр. Биыл өңір спортшылары 914 жарысқа қатысып, 2 929 алтын, 2 796 күміс және 3 339 қола медаль жеңіп алған. Қарағандылық спортшылар халықаралық ареналарда да жоғары нәтиже көрсетті. Азия ойындарында жерлестеріміз төрт күміс және сегіз қола медаль иеленсе, Параазия ойындарында бір алтын, бес күміс және екі қола жүлдені қанжығасына байлады. Әсіресе, жүзуден сынға түскен Диас Кенжебек Азия рекордын жаңартып қана қоймай, 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиада ойындарына жолдама иеленді.

Бұдан бөлек, қарағандылық боксшылар Азия чемпионаттарында топ жарып, күрес шеберлері де үздіктер қатарынан көрінді. Жеңіл атлеттер мен үстел теннисі мектебінің өкілдері де республикалық және халықаралық жарыстарда табысты өнер көрсетіп, өңір мерейін үстем етті.

– Бұл – 2026 жылғы спорттық жетістіктердің бір бөлігі ғана. Ең маңызды жүлделердің бірқатары басты дода – Азия ойындарында еншімізге бұйырды. Қарағандылық спортшылар жалпы саны 12 медаль жеңіп алды. Оның төртеуі – күміс, сегізі – қола. Азия ойындарында облыс қоржынына алғашқы медальді Санжар Әділов салды. Ол ММА-дан 65 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанды. Бұл – тарихи жетістік. Өйткені, ММА жазғы Азия ойындарының бағдарламасына алғаш рет енгізіліп отыр. Осылайша, Санжар аралас жекпе-жектен құрлықтық дода тұғырына көтерілген алғашқы жүлдегер атанды, – деді Нұркен Нұратов.

Ұлттық спорт түрлерін дамыту да өңірдегі спорт саласының маңызды бағыттарының бірі. Бүгінде облыста тоғызқұмалақ, саятшылық, бәйге, жекпе-жек, қазақ күресі, асық ату, теңге ілу, аударыспақ, көкпар, жамбы ату және дәстүрлі садақ ату сияқты ұлттық спорт түрлері кеңінен насихатталып келеді. Бұл бағытта жүйелі түрде жаттығатын тұрғындардың саны 38 мыңнан асты. Ал, ұлттық спорт түрлері бойынша 54 жерлесіміз Қазақстан ұлттық құрамасының сапына енген.

– Мүгедектігі бар адамдарға арналған облыстық спорт мектебінде қимыл-тірек аппараты бұзылған, есту және көру қабілеті төмен 412 адам спортпен шұғылданады. Мұнда спорттың 17 түрі дамытылған. Жақында сал ауруына шалдыққан балаларға арналған бочча бөлімшесі ашылып, жұмысын бастады. Ерекше қажеттілігі бар спортшыларымыз республикалық және халықаралық жарыстарда да табысты өнер көрсетіп, талай жүлдені иеленіп жүр. Бүгінде олардың 119-ы Қазақстан ұлттық құрамасының сапында, – деді басқарма басшысы.

Қарағандылық параспортшылардың биылғы ең үлкен жетістіктерінің бірі Параазия ойындарында тіркелді. Параспортты дамытумен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бұқаралық спортқа тарту жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. 2022 жылдан бері облыста аутизм, Даун синдромы және психикалық дамуы тежелген балаларға жүзумен айналысуға мүмкіндік беретін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүзеге асырылып келеді. Биыл жоба аясында облыстың бес қаласында 240 бала жаттығуға қатысуда.

– Параспортшыларымыздың жетістіктерін мақтан тұтамыз. Олар халықаралық жарыстарда ел намысын абыроймен қорғап, Қазақстан құрамасының медаль қоржынына қомақты үлес қосып жүр. Біз үшін спорттық нәтижелермен қатар, ерекше қажеттілігі бар балалардың дене шынықтырумен айналысуына мүмкіндік жасау да маңызды. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастырамыз, – деді Нұркен Қанатұлы.

● ҚҰРМЕТ

Еңбегімен елге сыйлы

Қарапайым жол жөндеушіден учаске басшысының орынбасарына дейінгі еңбек жолы – табандылықтың, кәсіби ізденістің және өз ісіне деген адалдықтың айқын көрінісі. Теміржол саласында қырық жылдан астам уақыт табан аудармай еңбек етіп келе жатқан Ержан Аққайұлы Қыпшақов нағыз еңбек адамы.



Ержан Аққайұлы 1966 жылғы 22 қарашада дүниеге келген. Ол еңбек жолын 1984 жылдың 19 маусымында Қарағанды облысындағы Өспен-Ніл-ді ауылында теміржол жөндеушісі болып бастады. Жас маман үшін бұл сала үлкен өмір мектебіне айналды. Теміржолдың тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, жол шаруашылығының қыр-сырын тәжірибе арқылы меңгерді. Еңбектің жауапкершілігін ерте сезінген ол теміржолдағы әрбір міндеттің, әрбір әрекеттің пойыздар қозғалысы қауіпсіздігімен тығыз байланысты екенін жақсы түсінді.

Білім мен тәжірибені қатар алып жүруді мақсат еткен Ержан Аққайұлы Ақтөбе қаласында теміржол мамандығы бойынша жоғары білім алды. Теориялық білімін өндірістік тәжірибемен ұштастыра отырып, кәсіби шеберлігін шыңдады. Жылдар өте келе қарапайым жұмысшыдан тәжірибелі маман, білікті ұйымдастырушы деңгейіне көтерілді. Бүгінде учаске басшысының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.

Теміржол саласында жауапкершілік жүгі қашанда ауыр. Себебі, жолдың әрбір шақырымы, әрбір бөлшегі мен құрылымының мінсіз күйде болуы қозғалыс қауіпсіздігінің басты кепілі саналады. Мұнда ұқыптылық пен қырағылық, тәртіп пен кәсіби біліктілік қатар талап етіледі. Ержан Аққайұлы осы қағидаларды еңбек жолының басты ұстанымына айналдырған. Жолдың техникалық жағдайын бақылау, кемшіліктердің алдын алу, жұмыс үдерісін үйлестіру және қауіпсіздік талаптарының орындалуын қадағалау – оның күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі.

Қырық жылдан астам уақыт ішінде жинақтаған мол тәжірибесі мен кәсіби білімі оны әріптестері арасында сыйлы азаматқа айналдырды. Ол өз міндетіне жауапкершілікпен қарап қана қоймай, жас мамандарға да бағыт-бағдар беріп, еңбек тәртібі мен кәсіби мәдениеттің маңызын ісімен көрсетіп келеді.

Ержан Аққайұлының көп жылғы адал еңбегі елеусіз қалған емес. Әр жылдары түрлі марапаттарға ие болып, сала басшылығы мен қоғамдық ұйымдардың құрметіне бөленді. Атап айтқанда, 2022 жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының 25 жылдығына арналған мерекелік медальмен, 2024 жылы Қазақстан темір жолының 120 жылдығына арналған медальмен марапатталды. Ал, 2025 жылы Теміржолшылар күніне орай адал еңбегі үшін Алғыс хат алды. 2026 жылы «Қазтеміржолкәсіп» кәсіподағы тарапынан теміржол және пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін тағы бір Алғыс хатпен марапатталды. Жалпы, еңбек қоржынында жиырмадан астам марапат пен медаль бар.

Әрине, марапат – маңдай тердің бағалануы, ұзақ жылғы еңбектің жемісі. Дегенмен теміржолшы үшін ең үлкен абырой – өзіне жүктелген міндетті мінсіз орындап, пойыздардың қауіпсіз қозғалысына үлес қосу. Бұл – күн сайын қайталанатын, көзге көп көріне бермейтінімен, ел экономикасы мен халық тұрмысы үшін аса маңызды еңбек. Ержан Аққайұлы осындай жауапты қызметтің үдесінен шығып, теміржолдағы сенімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бар күш-жігерін арнап келеді.

Еңбек адамының қадір-қасиеті тек қызметімен өлшенбейді. Оның адамгершілігі, қарапайым болмысы, айналасына деген құрметі де маңызды. Әріптестері Ержан Аққайұлын жауапкершілігі мол, сабырлы, өз ісіне тиянақты азамат ретінде бағалайды. Ал, отбасы үшін ол – ардақты әке, аяулы жар, немерелеріне қамқор ата. Ұзақ жылғы еңбек жолында отбасының қолдауы мен жақындарының сенімі оған әрдайым күш-қуат бергені анық. Балалары мен немерелері үшін оның адалдығы, табандылығы мен еңбекқорлығы – өмірлік өнеге.

Бүгінде алпыстың асуына көтеріліп отырған Ержан Аққайұлының көңіл төріндегі армандарының бірі – «Құрметті теміржолшы» атағына ие болу. Қырық жылдан астам ғұмырын осы салаға арнаған азамат үшін бұл атақтың орны ерекше болары сөзсіз. Өйткені, мұндай құрмет – тек марапат қана емес, тұтас бір өмір жолына, адал еңбекке берілген лайықты баға. Бұл – өткенге көз жүгіртіп, атқарылған іске баға беретін, кейінгі ұрпаққа өнеге қалдыратын кезең. Ержан Аққайұлының еңбек жолы – маңдай термен келген жетістіктің, төзім мен табандылықтың, өз мамандығына деген шынайы сүйіспеншіліктің үлгісі.

Мейрам ЖҰМАБЕКОВ
филология ғылымдарының кандидаты,
Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-дың қауымдастырылған профессоры

● ЖАСТАР САЯСАТЫ

Өнермен өрілген өнеге

Шет аудандық жастар ресурстық орталығының табалдырығын аттаған жанның назары бірден ерекше рух пен жылулық есіп тұрған кең бөлмеге түседі. Қабырға төрінен хакім Абай ойлы жанарымен қарап, ғибратты нақыл сөздерімен жастарды білім мен парасатқа үндеп тұр. Ал, бөлменің екінші бұрышында гипстен құйылған ай бейнесі жылы сәуле шашып, айдын көл жағасындағы нәзік сакура бүр жарып тұрғандай әсер сыйлайды. Кәсіби дизайнерлер тобы әрлегендей көрінетін осынау «Qadam» коворкинг орталығын бастан-аяқ өз қолымен жасап шыққан жан – орталықтың жастар ісі жөніндегі маманы Феруза Кейкина.



Назар ӘЛІ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адам жанына сұлулық пен шабыт сыйлайтын мұндай нәзік талғам оған тегіннен-тегін қонбаған. Өнердің киесі Ферузаның бойына бала кезінен, әке қанымен сіңген. Оның әкесі Қанат Еркебайұлы – Қарағанды өңіріне танымал суретші, сегіз қырлы, бір сырлы шебер болған жан. Кезінде көнекөз қариялардың суреттеуімен Сүйінбай Аронұлының әкесінің портретін салып, сол туындысы облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған.

Қолынан шыққан әрбір бұйымға ұлттық рух дарыта білген шебер домбыра шауып, ағаш табақтарды баяғы ата-баба дәстүрімен майлап, бабына келтіріп жасайтын. Компьютер мен заманауи баспа құрылғылары жоқ уақытта Шет ауданында өтетін барлық мәдени іс-шаралардың көркемделуі сол кісінің мойнында болыпты.

– Бала кезімнен ауылдағы түрлі ғимараттардың, әсіресе, балабақшалардың қабырғаларынан әкемнің қолтаңбасын көріп өстім. Сол суреттерге сүйсіне қарап, бойымда бейнелеу өнеріне деген ерекше іңкәрлік оянды. Әкем өмірден өтсе де, соңында қалған өнегелі ісі маған бағыт-бағдар беріп, қылқалам ұстауыма түрткі болды, – дейді кейіпкеріміз.

Өнердің қос қанатындай болған тектілік оған нағашы жұртынан да дарыған.

Ата-бабадан мирас болған осынау асыл өнерді Феруза бүгінде заман талабымен шебер ұштастырып жүр. Соңғы жылдары Ақадыр кентіндегі балабақшалар мен аудандағы шағын мекемелердің қабырғаларын түрлі-түсті ертегі әлеміне айналдырса, қолы қалт еткен сәттерде изолон материалынан алып раушан гүл-шамдарын жасап, ұлттық нақыштағы әшекейлер мен бойтұмарлар тігеді. Дегенмен, шебердің биылғы «көз қорқақ, қол батыр» деп тәуекелге бел буып атқарған ең ауқымды әрі жүрегіне жақын жобасы – аудан орталығындағы Жастар ресурстық орталығының жанынан ашылған «Qadam» коворкинг кеңістігі.

Бұл игі бастаманың жүзеге асуына орталық директоры Наурызбай Дәулетқабылов тікелей мұрындық болған. Барлығы оның: «Мына бос бөлмені қалай безендірсек екен?» – деген қарапайым ғана сауалынан бастау алыпты. Басшысы қажетті бояу мен құрылыс материалдарын түгел алып беріп, үлкен сенім артқан соң, Феруза да іске білек сыбана кіріседі. Бір ерекшелігі, ол қабырғаға салған осынау ауқымды туындылары үшін бір тиын да ақы алмаған. Шығармашылық еркіндік берген азаматтың қолдауынан қанаттанған шебер бөлмеге жай ғана жөндеу жүргізуді емес, аудан жастарына рух беретін ерекше орта қалыптастыруды мақсат тұтады.

– Мен үшін бұл бөлмедегі әрбір сызық пен әрбір жазудың терең мағынасы бар. Қабырғаға салған Абай атамыздың бейнесі – менің ең алғашқы көлемді муралым. Ал, демалыс бұрышын әсерлі ету үшін гипстен жарық беріп тұратын ай бейнесін құйып, акрил бояуымен тынық көлдің көрінісін салдым. Жанына монтаж көбігі мен желімнің көмегімен сакура ағашын сомдап шықтым. Негізгі ойым – жастарға сұлулықты сезіндіру ғана емес, адам өз қолымен кез келген қарапайым материалдан ғажайып дүние жасай алатынын көрсету болды, – дейді шебер.

Осындай ізгі ниетпен жабдықталған коворкинг орталығы бүгінде аудан жастарының басын қосатын нағыз шығармашылық алаңға айналып үлгерді. Мұнда келушілер үшін түрлі шеберлік сабақтары, жан дүниені сергітетін арт-терапия, сурет терапиясы және танымдық-тұлғалық тренингтер тұрақты түрде өткізіледі. Ферузаның өзі де қыз-келіншектер мен жасөспірімдерге изолоннан раушан гүл-шамдарын жасаудың әдіс-тәсілдерін үйретіп, қолөнерге баулып жүр. Ұжымның алға қойған жоспары да ауқымды: алдағы уақытта орталықтың материалдық-техникалық базасын нығайтып, ұл-қыздардың бейнелеу өнеріне деген құлшынысын арттыру үшін арнайы мольберттер сатып алу көзделіп отыр.

– Осы бөлмеге бас сұққан әрбір жас бойына ерекше қуат алып, жаңа идеямен қанаттанып шықса екен деймін. Бірі қылқалам ұстауға құмартса, бірі қолөнерге бет бұрса, енді бірі өз бойындағы бұрын байқамаған талантын ашса, менің еңбегімнің ақталғаны, – дейді Феруза Қанатқызы.

Шет ауданы

Сурет автордан

1. «ҚР ҚМ Мемлекеттік қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ға дейін жұмыс тәртібімен 8 (7212) 41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

– Саран қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (72137) 5-11-44;

– Шахтинск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (72156) 3-91-84;

– Теміртау қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (7213) 98-10-18;

– Қарқаралы аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (72146) 3-17-38;

– Бұқар жырау аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (72154) 2-12-87;

– Нұра аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (72144) 5-29-88;

– Осакаров аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (72149) 4-18-90;

– Абай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (72131) 4-47-37;

– Ақтоғай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (71037) 2-10-11;

– Балқаш қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (71036) 4-07-49;

– Приозерск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (71039) 5-20-45;

– Шет аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының:
8 (71031) 2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».

к

Сахна тіліндегі сабақ

Адамның бүкіл ғұмырына сызат түсіретін ағат қадамдар көбіне оның оң-солын танып, өмірден өз орнын іздеген бозбала шағында жасалады. Әсіресе, жеңіл табыстың желігіне еріп, соңы орны толмас өкінішке ұласқан тағдырлар аз емес. Мұндай қадамның зардабын жастарға құрғақ ақыл айтудан гөрі, өмірдің өзінен алынған оқиғалар арқылы ұғындыру әлдеқайда әсерлі. Осыны мұрат тұтқан облыстық прокуратура мен білім басқармасының ұйытқы болуымен «Жан дауа» қойылымы сахналанды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

№2 Оқушылар сарайында өткен іс-шараға жиналған жастардың қарасы қалың. Бұл жолы сахна өнері құқық бұзушылықтың алдын алудың, жас буынға ой салудың пәрменді құралына айналды. Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің студенттері шынайы өмірден өрілген оқиғаны сахна тілімен сөйлетті.

– Бұл іс-шара облыстық прокуратураның бастамасымен «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын ілгерілету аясында ұйымдастырылып отыр. Басты мақсатымыз – өскелең ұрпаққа ой салу арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу, – деді облыс прокурорының аға көмекшісі Айжан Оразбекова.

Қойылымды Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, «Ұшқын» жастар шығармашылық үйірмесінің жетекшісі Бақытгүл Омарова әріптесі Шұға Әліпбековамен бірлесе дайындаған. Ұстаздардың дәл осы туындыны таңдап алуы да тегін емес.

– Болат Ұзақов ағамыздың «Жан дауа» қойылымын осыдан екі-үш жыл бұрын да сахналаған едік. Оның өзіндік себебі бар. 2022 жылы бір студентім диплом алуына небәрі бір ай қалғанда сотталып кетті. Жеңіл табыс табамын деп есірткі тасымалдаумен айналысқан. Ауылдың аңғал баласы еді. Ең өкініштісі, оның туған бауыры да сол энергетика бөлімінде бір курс төмен оқитын. Бір күні ол да алдыма келіп, «Мұғалім, мен оқуымды жалғастыра алмайтын сияқтымын. Ауылдағы ата-анам қиын жағдайда қалды», – деп, оқуын тастап кетті. Осы оқиға маған қатты әсер етті. Содан кейін қоғамды меңдеген осы дерттің алдын алуға, өзге жастардың мұндай қателікке бой алдырмауына қайткен күнде де үлес қосуым керек деген ойға бекіндім. Сөйтіп, осы туындыны сахналап, көрерменге ой салуды жөн көрдік, – деді Бақытгүл Омарова.

Расымен де, бір жастың шалыс басқан қадамы оның жеке басының қайғысымен шектелмейді. Бүтін бір отбасының басына түскен тауқымет қылмыстық статистикада көрініс тапқанымен, оның адамдық қасіретін ешбір санмен өлшеу мүмкін емес. Облыстың білім басқармасы басшысының орынбасары Дархан Жиенбаев та осы мәселеге айрықша назар аударды.

– Сахнаға шыққан жастар кәсіби әртістер болмаса да, көрерменнің көңіл түпкіріне жол таба білді. Шынында да, біз көп жағдайда осындай теріс әрекеттерді статистикалық көрсеткіштермен ғана өлшейміз. Ал, әрбір санның артында бір адамның тағдыры, бір отбасының тауқыметі тұр. Жастарымыз ақ пен қараны ажыратып, әрбір қадамын ой елегінен өткізе білсе екен дейміз, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Данияр Жакудаев та жастар арасында есірткі қылмысының алдын алуда мұндай ағартушылық бастамалардың маңызы зор екенін атап өтті.

– Дәстүрлі профилактикалық іс-шаралардан бөлек, осылайша сахна тілімен де қауіптің мәнін ашып, оны жастардың санасына сіңіре білудің маңызы зор. Есірткінің шырмауына түскен бір адамның тағдыры тұтас бір отбасының берекесін кетіреді. Ал, мұның зардабы бүкіл қоғамға тиеді. Сондықтан, осындай ағартушылық бағыттағы игі істерді ілгерілетуіміз керек, – деді полиция подполковнигі.

Сондай-ақ, қойылымды сахналауға атсалысқан студенттер мен шығармашылық бастамаға ұйытқы болған оқытушыларға облыстық полиция департаментінің атынан Алғыс хаттар табысталғанын да айта кету керек.

ҚАРАҒАНДЫ

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

• ДЗЮДО

Ел тарихындағы үшінші алтын

Ташкентте өткен дзюдодан жастар арасындағы әлем чемпионатында 100 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде белдескен жерлесіміз Санжар Ерұланұлы әлем чемпионы атанды. Сонымен қатар, осы салмақ дәрежесінде сынға түскен тағы бір отандасымыз Асқар Біржанов та қола медаль иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсіміне Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов арнайы қатысып, әлем чемпионы Санжар Ерұланұлына алтын медалін табыстады.



Финалдық белдесуде Санжар Ерұланұлы Жапония өкілі Шокей Хираноны жеңіп, әлем чемпионы атанды. Бұған дейін жерлесіміз Германия балуаны Даниил Спиридоновты, Италия өкілі Франческо Маццонды және ширек финалда Әзербайжан спортшысы Давуд Намазлиді жеңген болатын. Ал, жартылай финалда Испания өкілі Никита Юдановтан басым түсіп, ақтық сынға жолдама алды. Осылайша, Санжар Ерұланұлы әлем чемпионатының алтынын екінші рет иеленді. Бұған дейін ол 2024 жылы кадеттер арасындағы әлем біріншілігінде де топ жарған еді.

Айта кетейік, Санжар – Қазақстан тарихында жастар арасындағы әлем чемпионатының жеке жарысында алтын медаль жеңіп алған үшінші дзюдошы. Бұған дейін 2010 жылы Елдос Сметов, 2015 жылы Мағжан Шамшадин әлем чемпионы атанған.

Осы салмақта белдескен Асқар Біржанов қола медаль иеленді. III орын үшін белдесуде ол Испания өкілі Никита Юдановтан басым түсті. Асқар жарыс барысында Үндістан спортшысы Харш Шарманы және Литва өкілі Маюс Генисті жеңіп, ширек финалда Жапония дзюдошысы Шокей Хираноға есе жібереді. Ал, жұбаныш белдесуінде Ресей өкілі Владимир Досяктан айласын асырып, қола жүлде үшін күресуге мүмкіндік алды.

Өз тілшімізден
Сурет Olympic.kz

• БОЧЧА

Үздіктердің үздігі

Астанада бочча спортынан жұптық және командалық ойындар бойынша ел чемпионаты мәресіне жетті. Оған 13 өңірден 79 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Нәтижесінде, өңір атынан сынға түскен қарағандылық команда жарысқа қатысқан 15 команданың ішінде I орын иеленіп қайтты.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионат үш санат бойынша ұйымдастырылды. Атап айтқанда, BC1/BC2 санатында 15 команда қатысса, BC3 санатында – 10 жұп, BC4 санатында – 7 жұп бақ сынады. Ал, өңір намысын бір команда және бір жұп қорғаған. BC3 санатында Аружан Жеңіс пен Гаар Владимир өнер көрсетсе, BC1/BC2 санатындағы команда құрамында Игнат Галанин, Сергей Ширяев және Анастасия Кутурман сынды спортшылардан жасақталды. Нәтижесінде, командалық сында жерлестеріміз қарсыластарынан басым түсіп, чемпиондық тұғырға көтерілді.

– Жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Кіл мықтылар жиналған бәсекеде үздік атанғанымызға әлі күнге дейін сене алар емеспіз. Спортшыларымыз жарады! Біздің команда шынымен де үздіктерден жасақталған. Өйткені, ел чемпионатының алдында іріктеу турнирі өтіп, сол бәсекеде көзге түскен спортшылар өңір құрамасына қабылданды. Одан кейін екі апта бойы оқу-жаттығу жиынында тыңғылықты дайындалдық. Командамыз өте ұйымшыл. Әрқайсысы бір-біріне сенім артып, қолдау көрсетіп, өзара толықтырып отырады. Бұл жеңіске барлығының қосқан үлесі зор. Біз оларды мақтан тұтамыз, – дейді команда ассистенті әрі спортшы Анастасия Кутурманның анасы Елена Кутурман.

Айта кетейік, Анастасия бұл чемпионатқа команда капитаны ретінде қатысқан. Оның бочча спортымен айналысып жүргеніне алты жылға жуықтапты. Осы уақыт аралығында ол түрлі облыстық және республикалық жарыстарда тұрақты өнер көрсетіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүр.


Қазіргі таңда аталған бес спортшының барлығы Мүгедектер спорты мектебінде тіркелген. Ал, Игнат және Сергей Саран қаласындағы интернатта тұрып, сол жерде жаттығады.

Сурет жеңімпаздардың жеке мұрағатынан

• ХОККЕЙ

Қарымтада басым түсті

Хоккейден Pro Hokei Ligasy тұрақты чемпионаты жалғасуда. Кезекті тур аясында қарағандылық «Сарыарқа» сырт алаңда «Ақтөбе» клубымен кездесіп, екі ойында да жеңіске жетті. Алғашқы матчта жерлестер 2:1 есебімен басым түссе, қарымта кездесуде қарсылас қақпасына жауапсыз екі шайба салды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін жерлестер атыраулық «Бейбарыс» клубымен өткен кездесулерде ұпай жоғалтқан еді. Бұл жолы ойын тактикасына бірқатар өзгеріс енгізген сыңайлы. Жерлестер қорғанысқа барынша сақ ойнап, шабуылда да белсенділік танытты. Әсіресе, қос қапталдан ұйымдастырылған шабуылдар нәтижелі болды. Дегенмен, алғашқы кезеңде екі команда да есеп аша алмады.

Кездесудің екінші бөлігінде «Сарыарқа» сапынан Эдгарс Сиксна мергендігімен көзге түсті. Ал, 50-ші минутта Иван Степаненко қарсылас қақпасынан саңылау тауып, есеп айырмасын екі шайбаға жеткізді. Айдын иелері 55-ші минутта есепті қысқартқанымен, таразы басын теңестіре алмады. Осылайша, алғашқы матч 2:1 есебімен жерлестердің пайдасына шешілді.

Қарымта кездесуде қарағандылықтар ойын тізгінін өз қолына алды. Кездесудің 13-ші минутында Виталий Божко есеп ашса, араға алты минут салып, Артем Лихотников екінші шайбаны соқты. Бұдан кейін қос команда да есепті өзгерте алмады. Нәтижесінде, «Сарыарқа» екінші ойында да жеңіске жетіп, сырт алаңнан толық ұпаймен оралды.

– Ойын ойдағыдай өтті. Дегенмен, алғашқы кездесуде аздап шаршағанымыз байқалды. Бұған дейін «Бейбарыспен» өткен матчтардан кейін әлі толық қалпымызға келе қойған жоқпыз. Соған қарамастан, «Ақтөбені» сырт алаңда жеңіп, маңызды ұпайларға қол жеткіздік. Ал, қарымта кездесуде ойын мүлдем басқаша өрбіді. Мүмкіндіктеріміз көп болғанымен, екі шайба ғана соға алдық. Енді осы қарқынды сақтап, алдағы ойындарға дайындаламыз, – деді команда қорғаушысы Виталий Люлько.

Қазіргі таңда «Сарыарқа» турнир кестесінде 43 ұпаймен IV орында келеді. Көш басында 54 ұпай жинаған өскемендік «Torpedo» тұр. Екінші сатыдағы көкшетаулық «Арланның» еншісінде 47 ұпай бар. Ал, үздік үштікті 43 ұпаймен елордалық «Nomad Astana» түйіндеп тұр.

Енді қарағандылықтар турнир кестесінің көшбасшысы өскемендік «Torpedo» командасын өз айдынында қабылдайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№131 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН**